Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

2022 жылы өсімдік шаруашылығы жалпы ауылшаруашылық өндірісінің 60,4%-ын құрады, бұл 2021 жылмен (58,3%) салыстырғанда біршама жоғары. Өсімдік шаруашылығы көрсеткіштерінің өсуіне

қарамастан, табиғи-климаттық факторларға жоғары тәуелділік байқалады, бұл негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігінің ауытқуларынан көрінеді.

## Өсімдік шаруашылығы


Қазақстандағы жалпы егістік алаңы 23 162,1 мың га құрайды, ең үлкен ауыл шаруашылығы алқаптары Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстарында шоғырланған. Республикадағы егістік алқаптарының 70%-ға жуығына дәнді дақылдар себіледі, олардың арасында бидай басым. Бидай өндіру көлемдері ұлттық тұтыну деңгейінен асады, ал артығы экспортталады. Қазақстан дәстүрлі түрде астық пен ұнды ірі экспорттаушылардың бірі болып табылады.

Негізгі экспорттық нарықтар – ТМД, Еуропалық одақ, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдері. Бұл сала Ресей мен Украина тарапынан өсіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында дамуда. Экспорт көлемін ұлғайтудың перспективалы бағыты Қытай Халық Республикасының нарығы болып табылады.

2022 жылы дәнді дақылдардың (күрішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдарының нақтыланған егістік алқабы 16 114,4 мың гектар құрады (2021 жылғы деңгейде сақталып отыр), көкөністердің, бақша дақылдарының, тамыр және түйнек дақылдарының алқабы 480,2 мың гектарға дейін азайды (2021 жылға қарағанда 98,2%). Оның ішінде ашық жердегі көкөніс алаңы – 170,2 мың гектар (100,9%), картоп алаңы – 199,5 мың гектар (101,9%), мақта алаңы – 126,3 мың гектар (114,8%).

2022 жылы дәнді дақылдардың (күрішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдарының нақтыланған егістік алқабы 16 114,4 мың гектар құрады (2021 жылғы деңгейде сақталып отыр), көкөністердің, бақша дақылдарының, тамыр және түйнек дақылдарының алқабы 480,2 мың гектарға дейін азайды (2021 жылға қарағанда 98,2%). Оның ішінде ашық жердегі көкөніс алаңы – 170,2 мың гектар (100,9%), картоп алаңы – 199,5 мың гектар (101,9%), мақта алаңы – 126,3 мың гектар (114,8%).

## Қазақстан Республикасындағы 2011-2022 жылдардағы жалпы егіс алаңы, мың га




Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы



## ҚР өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарын егу алаңдары, мың га

23 162,1 мың га –  
егістік дақылдардың  
жалпы ауданы








Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы



Топырағы құнарлы құт мекен!

**2022 жылы ҚР негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын егу алқаптары, олардың өнімділігі, жалпы түсімі**

	Егіс алаңы		Түсімділік 2021 жылға қарай		Жалпы жиым	
1	<b>16 114,4 мың га</b> Дәнді дақылдар, күріш пен бұршақ тұқымдастарды қоса	↑	<b>32,6%</b> гектардан 13,8 центнер	↑	<b>34,5%</b> 22 030,5 мың тонна	
2	<b>1 094,6 мың га</b> Күнбағыс дәні	↑	<b>9,0%</b> гектардан 12,0 центнер	↑	<b>26,4%</b> 1 304,3 мың тонна	
3	<b>100,3 мың га</b> Бақша дақылдары	↑	<b>32,6%</b> гектардан 255,6 центнер	↓	<b>7,8%</b> 2 560,3 мың тонна	
4	<b>170,2 мың га</b> Ашық грунттағы көкөністер	↑	<b>1,1%</b> гектардан 271,3 центнер	↑	<b>2,2%</b> 4 610,2 мың тонна	
5	<b>199,5 мың га</b> Картоп	↑	<b>0,96%</b> гектардан 205,4 центнер	↑	<b>1,2%</b> 4 080,5 мың тонна	

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Дәнді дақылдардың (күрішті қоса алғанда) және бұршақ тұқымдастардың (қосымша жұмыс атқарылғаннан кейін) жалпы түсімі 2021 жылмен салыстырғанда 34,5%-ға 22 030,5 мың тоннаға дейін, ал майлы дақылдардың жалпы түсімі - 25,6%-ға 3 051,3 мың тоннаға дейін артты.

Дәнді дақылдардың (күрішті қоса алғанда) және бұршақ тұқымдастардың өнімділігі (қосымша жұмыс атқарылғаннан кейін) 2021 жылмен салыстырғанда 32,7%-ға өсіп, 13,8 ц/га құрады, ал көкөністердің, бақша дақылдарының, тамыр дақылдарының және түйнек дақылдарының өнімділігі 0,5%-ға 242,3 ц/га дейін өсті. Ашық грунттағы көкөністердің (1,2%-ға өсу), бақша дақылдарының (1,1%-ға) және қант қызылшасының (23,9%-ға) жоғары шығымдылығы байқалды.

Көкөністердің, картоптың және бақша дақылдарының отандық өндірісі халықтың қажеттіліктерін қанағаттандырады. Дегенмен, жылыжай шаруашылықтарында заманауи қоймалар мен өндіріс көлемінің болмауына байланысты маусымаралық кезеңде жемістердің негізгі түрлерінің (2022 жылы - 44%), жүзімнің (57%) және көкөністердің импортына жоғары тәуелділік сақталуда.

Көкөністердің, бақша дақылдарының, тамыр және түйнек дақылдарының жалпы түсімі 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеп, 11 739,0 мың тонна құрады. Бұл ретте ашық жердегі

көкөністердің (2,2%-ға немесе 4 610,2 мың тоннаға) және картоптың (1,2%-ға немесе 4 080,5 мың тоннаға) шығымдылығы өсуі тіркелді, ал қорғалған жерлердегі көкөністердің (28,9%-ға немесе 182,4 мың тоннаға) және бақша дақылдарының (7,9%-ға немесе 2 560,3 мың тоннаға) шығымдылығы төмендеуі байқалды.

### **Мал шаруашылығы**

**Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлеміне әсер ететін негізгі факторлар мал мен құсты сою немесе сату, сүт сауу және жұмыртқа өндіру болып табылады.**

Шаруашылықтардағы сою немесе мал мен құстың барлық түрлерін тірі салмақта союға өткізудің көлемі 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 0,2%-ға, ал сиыр сүтін өндіру тиісінше 1,9%-ға артты. Тауық жұмыртқаларының саны да 4,4%-ға өсті.







Сүт сауудың бір сауын сиырға шаққандағы орташа көлемі 2,1%-ға, ал жұмыртқа салатын бір тауыққа шаққандағы жұмыртқаның орташа шығымы 23,7%-ға өсті.

Жалпы алғанда, мал шаруашылығында ауыл шаруашылығы құрылымдарында негізгі мал түрлерінің тұрақты өсуі байқалады. Мысалы, 2011-2022 жылдар аралығында ірі қара мал (бұдан әрі - ІҚМ) басының орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 3,6%, ал жылқылар бойынша - 8,0% құрайды.








**Жекелеген өнім түрлерін өндіру және мал шаруашылығының негізгі көрсеткіштері**

Динамикасы  
2021 жылға қарай

1	Сойылған немесе өткізілген барлық мал мен құс түрлерінің тірі салмақтағы көлемі	2 166,2 мың тонна	↑ 0,2%	
2	Сүт өндіру	6 368,2 мың тонна	↑ 1,9%	
3	Жұмыртқа өндіру	5 052,2 млн дана	↑ 4,4%	
4	Бір сиырға шаққандағы орташа сауым	2,403 тонна	↑ 2,1%	
5	Бір мекиен тауыққа шаққандағы орташа жұмыртқа шығымы	227 дана	↑ 1,9%	
6	Сойылған мал мен құс массасының шығымы	57,3%	↑ 4,4%	

**Шаруашылықтардың барлық санаттарындғы мал басы мен құс саны, бас**

Динамикасы  
2021 жылға қарай

1	<b>ІҚМ</b>	8,39 млн	↑	2,5%	
2	<b>Жылқы</b>	3,75 млн	↑	7,7%	
3	<b>Түйе</b>	254,5 мың	↑	4,6%	
4	<b>Қой, ешкі</b>	19,0 млн	↑	2,3%	
5	<b>Құс</b>	49,5 млн	↑	3,8%	

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Мал саны оң динамиканы көрсетуде. Мәселен, 2022 жылы ірі қара малдың (ІҚМ) жалпы саны 8,39 млн бас (2021 жылмен салыстырғанда +2,5%), қой - 19,0 млн бас (+2,3%), жылқы - 3,75 млн бас (+7,7%), түйе - 254,5 мың бас (+4,6%) құрады, құстар - 49,5 млн бас (+3,8%).


2022 жылдың қорытындысы бойынша ІҚМ-нің 50,2%-ы халықтың шаруашылықтарында, 40,2%-ы шаруа немесе фермер

қожалықтарында және жеке кәсіпкерлерде, ал 9,6%-ы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында болды.

### Азық-түлік өндірісі

Қазақстанда 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда азық-түлік өндірісі 3,9%-ға өсіп, 2,9 трлн теңге құрады.

### 2011-2022 жылдары ҚР-да тамақ өнімдерін өндіру, млрд теңге



Азық-түлік








Физикалық өндіріс индексі






\* 2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жедел деректер (физикалық өндіріс индексі, алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне % - бен өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен).

Өсімдік майын өндіру 49,5%-ға (431,0 мыңнан 644,3 мың тоннаға дейін), қант өндіру 34,4%-ға (255,9 мыңнан 343,9 мың тоннаға дейін), жаңа ауланған, салқындатылған немесе мұздатылған балық өндірісі 15,5%-ға (41,1 мыңнан 47,5 мың тоннаға дейін), жарма өндіру 11,5%-ға (83,8 мыңнан 93,4 мың тонна), ұн өндіру 10,2%-ға (3011,5 мыңнан 3318,2 мың тоннаға дейін), шұжық өнімдерін өндіру 5%-ға (62,6 мыңнан 65,8 мың тоннаға дейін), макарон өндіру 3,8%-ға (160,0 мың тоннадан 166,1 мың тоннаға дейін), өңделген күріш өндіру 3,1%-ға (217,2 мың тоннадан 223,9 мың тоннаға дейін) ескені байқалады. Алайда сүт өндіру 6,7%-ға (614,4 мыңнан 573,3 мың тоннаға дейін), ал нан шығару 0,85%-ға (523,0 мыңнан 518,6 мың тоннаға дейін) қысқарды.






2022 жылы заттай мәнде өнім өндіру		Динамикасы 2021 жылға қарай		
1	Ет	349,7 мың тонна	↑ 3,0%	
2	Сүт	573,3 мың тонна	↓ 6,7%	
3	Ұн	3 318,2 мың тонна	↑ 10,1%	
4	Нан	518,6 мың тонна	↓ 0,85%	
5	Жарма	93,4 мың тонна	↑ 11,4%	

		Динамикасы 2021 жылға қарай		
6	Өсімдік майы	644,3 мың тонн	↑ 49,5%	
7	Қант	343,9 мың тонн	↑ 34,4%	
8	Балық	47,5 мың тонн	↑ 15,5%	
9	Шұжық өнімдері	65,8 мың тонн	↑ 5,0%	
10	Макарон өнімдері	166,1 мың тонн	↑ 3,8%	

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы



### Баға индекстері


Азық-түлік тауарларының бағасы жыл ішінде 25,3%-ға, азық-түлік емес тауарлар бағасы - 19,4%-ға, ақылы қызметтер бағасы - 14,1%-ға өсті.

2021 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда қант (64,9%), қияр (47,9%), банан (46,2%), консервіленген сүт (43,3%), ұн (43,2%), арпа жармасы (42,3%), қаймақ (38%),

макарон өнімдері (36,2%), нан және ұн өнімдері (35,8%) бағасының өсуі байқалды. Сонымен қатар, қырыққабат (15,2%) және сәбіз (0,8%) бағасының төмендеуі байқалады.

Дизель отыны 14,2%-ға қымбаттады, ал баллондардағы сұйытылған газ 23%-ға арзандады.

### Ауыл шаруашылығында өндірушілер бағасының индекстері (2022 ж. қаңтар-желтоқсан 2021 ж. қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда), %









### ҚР азық-түлік бағалары (2022 ж. желтоқсан 2021 ж. желтоқсанмен салыстырғанда)

### Динамикасы 2021 жылға қарай

1	<b>Қант</b>	442 теңге	↑	64,9%	
---	-------------	-----------	---	-------	---

Динамикасы  
2021 жылға  
қарай


2	Қаймақ	1 854 теңге	↑ 38,0%	
3	Қырыққабат	124 теңге	↓ 15,2%	
4	Қияр	989 теңге	↑ 47,9%	
5	Макарон өнімдері	567 теңге	↑ 36,2%	
6	Пряник, печенье	1 124 теңге	↑ 35,8%	
7	Сыыр еті	2 497 теңге	↑ 10,1%	

**Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының паркі**


Елдің ауыл шаруашылығындағы трактор, комбайн және басқа да ауылшаруашылық техникаларының паркі айтарлықтай, бірақ жеткіліксіз. ҚР АШМ деректері бойынша, 2023 жылғы 1 қаңтарда ҚР-да 688,7 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы болған, ал машина-трактор паркінің орташа тозуы шамамен 80% құрайды. Ауыл шаруашылығы техникасының өте тозған (15 жылдан асқан) негізгі түрлерінің үлесі: трактор - 79%-ға, комбайн - 54%-ға, сепкіш - 86%-ға, дестелегіш - 63%-ға жетеді. Бұл ретте ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланудың амортизациялық мерзімдермен айқындалатын нормативтік мерзімі 10-12 жыл құрайды.

**Қазақстанда 2018-2020 жылдары ауыл шаруашылығы техникасының жаңартылуы, бірл.**


**Себу кешендері**




**Тракторлар (>15 ж. – 79%)**




**Сепкіштер (>15 ж. – 86%)**








**Комбайндар (>15 ж. – 54%)**




**Дестелегіштер (>15 ж. – 63%)**



**2022 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы техникасының жаңартылуы**

	ҚР-да сатып алынды	ҚАҚ үлесі	
<b>1</b> <b>Тракторлар</b>	5 844 бірлік	<b>49,6%</b>	
<b>2</b> <b>Комбайндар</b>	1 236 бірлік	<b>41,0%</b>	
<b>3</b> <b>Сепкіштер</b>	1 685 бірлік	<b>16,8%</b>	
<b>4</b> <b>Себу кешендері</b>	275 бірлік	<b>69,1%</b>	
<b>5</b> <b>Өзге</b>	8 303 бірлік	<b>35,3%</b>	


Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі






Ауылшаруашылық техникасын жеткізушілердің құрылымында жергілікті өндірушілер де, сол сияқты әлемдік өндірушілер де бар. Соңғыларына: «Ростсельмаш» (Ресей), «Гомсельмаш», Минск трактор зауыты, «Бобруйскагропромаш» (Беларусь), John Deere, Case IH, New Holland (АҚШ), CLAAS (Германия), Techsystems Kft (Канада) және басқалар жатады. Ресейлік, беларуссиялық, германиялық және қытайлық өндірушілердің өндіріс жергілікті жерде орналастырылатын құрастыру кешендері бар.

Қазақстан Республикасының аумағында «ҚазАгроҚаржы» құрастыру өндірісі бойынша «Семаз» ЖШС-мен, «КАИК» ЖШС-мен, «СТ Эсэмбли» ЖШС-мен, «Агромашхолдинг КЗ» АҚ-пен, «Kazrost Engineering Ltd» жеке компаниясымен, «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ-пен, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС-мен, «Қостанай трактор зауыты» ЖШС-мен, «Дон Мар» ЖШС-мен, «ДАФА» фирмасы» ЖШС-мен, «Авагро» ЖШС-мен, «Қостанай агромеханикалық зауыты» ЖШС-мен және «Kaz Kioti» ЖШС-мен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

### ҚАҚ-қа табысталған ауыл шаруашылығы техникасының шығу тегі бойынша құрылымы, бірл.



-  Қаз. құрастырылған
-  Импорт
-  Отандық техника үлесі, %

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің экономикалық тиімділігі толығымен фермалардағы трактор паркінің жаңару қарқынына байланысты.

Көптеген факторларды, сондай-ақ фермерлерде қолма-қол ақша жоқтығын ескере отырып, техниканың парк құрамынан шығу қарқыны жаңару қарқынынан асады.

Ұсақ және орта шаруа қожалықтары әдетте ескірген техникамен және ДТ-75 және Т-150К сияқты ауыр тракторлармен жабдықталған. Олар БДТ-4 ауыр дискілі тырмаларын және КТС-4 қопсытқыштарын пайдаланады, бұл топырақты терең өңдеуге, жанармайды көп шығындауға және дақылдардың төмен шығымдылығына әкеледі.

Мұндай техника топырақ құнарлылығының нашарлауына ықпал етеді және экологиялық жүйеге теріс әсер етеді, соның ішінде қоршаған орта мен ауаның ластануына әкеледі.

Бұл мәселелердің шешімі егістіктерде тракторлар мен ауылшаруашылық құралдарының жеңіл заманауи үлгілерін пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, инвестициялық субсидиялау және ауыл шаруашылығы техникасы лизингі бағдарламасын «Қаз-АгроҚаржы» арқылы кеңейту ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін 6% - ға дейін арттыруы мүмкін. Бұл егін егу мен жинаудың оңтайлы мерзімдерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ЖЖМ мен қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығындарды 15-20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

### **Қазақстандағы лизингтік қызмет**

**Лизинг негізгі қорларды жаңартудың тиімді құралы болып табылады және әлемдік іс-тәжірибеде белсенді қолданылады.**

Қазақстанда лизингтік қызмет «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі № 78-II ҚР

Заңымен, ҚР Азаматтық кодексімен (ерекше бөлігі) және ҚР Салық кодексімен реттеледі.

**ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша елде 70 лизингтік компания жұмыс істейді, оның ішінде ауыл шаруашылығы техникасы мен лизингін мынадай ұйымдар ұсынады:**

1. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың еншілес компаниясы - «Қаз-АгроҚаржы» АҚ;
2. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ;
3. «Халық Лизинг» АҚ;
4. «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «NUR LEASING» лизингтік компаниясы» ЖШС;
5. «ТехноЛизинг» ЖШС;
6. «Аль Сакр Финанс» АҚ;
7. «Лизинг Групп» АҚ;
8. «ForteLeasing» АҚ;
9. «КомТрансЛизинг» ЖШС.

**2014 жылдан бастап бюджеттік инвестициялардың жоқтығына қарамастан, қазіргі уақытта «ҚазАгроҚаржы» АҚ АӨК лизингі нарығында көшбасшы болып қалуда. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін лизингтік қаржыландырудың негізгі артықшылықтары:**

- Қаржыландырудың анағұрлым икемді шарттары мен схемалары - негізгі қарызды өтеудің маусымдық кестесі (егін жинағаннан кейін жылына бір рет төлеу), лизингтің ұзақ мерзімі, комиссиялардың жоқтығы, аванстық төлемнің төмен мөлшері. Лизингті рәсімдеу кезінде қосымша кепіл талап етілмейді, өйткені лизинг нысанасының өзі кепіл ретінде болады.
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламаларының болуы



- және техника мен жабдыққа салынған инвестициялық салымдарды субсидиялау.
- Өңірлерді кеңінен қамту, Қазақстандағы басқа бірде-бір лизингтік компания мұны ұсына алмайды (15 Филиал).
  - Салықтық артықшылықтар және қаржыландырудың ерекше өнімдерінің болуы. Соның ішінде, қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 6% құрайтын (субсидияларды ескере отырып), мерзімі 10 жылға дейін және лизинг нысанасы құнының 20%-ынан кем емесі қоса қаржыландырылатын «Экспресс-лизинг» бағдарламасы көпшілікке танымал.


### Саладағы проблемалар

Саладағы оң үрдістерге қарамастан, Қазақстанның ауыл шаруашылығы бірқатар проблемалармен сипатталады.

1. **Еңбек өнімділігінің төмендігі ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен шығымдылығымен және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігімен, көп еңбекті талап ететін ескірген технологияларды пайдаланумен және сала субъектілерінің инновациялық белсенділігінің әлсіздігімен байланысты болып табылады.**

Мал шаруашылығындағы өнімділікті арттырудың негізгі факторы - жеткілікті жем-шөп базасы және жануарлардың генетикалық әлеуеті. 2022 жылдың басында ІҚМ-ның жалпы басындағы асыл тұқымды мал басының үлес салмағы 13%, ұсақ малдың (бұдан әрі - ұсақ мал) үлес салмағы - 14% құрады. Жағдайға, бұдан басқа, негізгі мал басының халық шаруашылықтарында жоғары шоғырлануы жағымсыз әсер етеді. Аталған факторлардың барлығы жоғары өнімді малдың тез көбею мүмкіндігін шектейді.

### Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі (бір қызметкерге шаққандағы жалпы қосылған құн (ЖҚҚ)), мың теңге




Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

2. АӨК өндірісінің ұсақ тауарлылығы. 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылықтарында 275 776 жұмыс істеп тұрған кәсіпо-

рын тіркелді, олардың ішінде 16 326 заңды тұлға шағын кәсіпкерлік, 264 заңды тұлға орта кәсіпкерлік, 18466 жеке кәсіпкер, 240 720 шаруа немесе фермер шаруашылықтары.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің саны, бірл., %



264	орта кәсіпкерлік заңды тұлғалары
0%	
16 326	шағын кәсіпкерлік заңды тұлғалары
6%	
18 466	жеке кәсіпкерлер
7%	
240 720	шаруа және фермер қожалықтары
87%	

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

3. Жемістердің негізгі түрлері (2022 жылы – 44%), жүзім (57%), сондай-ақ маусымаралық кезеңдегі көкөністер бойынша импортқа жоғары тәуелділік жылыжай шаруашылықтарында қазіргі заманғы сақтау қуаттары мен өндіріс көлемдерінің жетіспеушілігінен туындайды.

4. Қазақстанның тамақ өнеркәсібі Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерімен бәсекелестіктің күшеюімен сипатталады. Отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне келесі факторлар теріс әсер етеді:

- Отандық шикізаттың сапасы төмен, бұл оны өнеркәсіптік өңдеуді қиындатады.
- Шикізатты дайындау, тасымалдау, сақтау және өткізу инфрақұрылымының жеткіліксіз дамығандығы.
- Ескірген жабдықтардың пайдаланылуы.
- Жаңа және инновациялық технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы.
- Сауда желілерінің монополиясы.
- Шикізатты маусымдық сатып алу үшін айналым қаражатының жетіспеушілігі.
- Ішкі нарықта арзан, сапасы төмен импорттық тамақ өнімдерінің болуы.


Ет, май, көкөністер және басқалары сияқты шикізат ресурстарының болуына қарамастан, елде келесі өнім санаттарын бойынша импортқа жоғары тәуелділік байқалады: шұжық өнімдері (2022 жылы – 39%), ет консервілері (37%), өсімдік майлары (29%), жеміс-көкөніс консервілері (85%) және құс еті (35%). Сондай-ақ ірімшік пен сүзбе (51%) және құрғақ сүт (83%) бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейі көрінеді.

### Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау саланы дамыту драйвері ретінде

Саланың өсуіне үкіметтік даму бағдарламалары арқылы іске асырылатын қолдау шаралары ықпал етеді, бұл 2022 жылы негізгі капиталға инвестициялардың 2011 жылмен салыстырғанда 8 есе дерлік (109 млрд теңгеден 853 млрд теңгеге дейін) артуына әкелді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуіне «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ компаниялар тобы тарапынан кредиттеудің жалпы өсуі, инвестициялық шығындарды субсидиялаудың артуы, сондай-ақ 2015 жылы теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамына ауысқаннан кейін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары құнының артуы себеп болды.

### Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 2011-2022 жылдардағы инвестициялар, млрд теңге



Орташа жылдық өсу қарқыны 22% құрады.

### ҚР АӨК дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобада көзделген Корпорация және ҚАҚ арқылы қаржыландыру көлемі, млн теңге

Дереккөздер	2021	2022	2023	2024	2025	Жиыны
Кейіннен лизингке беру үшін техника, жем-шөп дайындау техникасы мен мобильді жүйелер сатып алуды қаржыландыру үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	-	-	20 000,0	29 700,0	29 700,0	79 400,0
Агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыруды қолдау	1 024,0	-	735,0	1 000,0	1 000,0	3 759,0
АӨК субъектілерін қаржыландыру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	-	-	-	30 000,0	30 000,0	60 000,0
АӨК субъектілерін қолдау бойынша КЕЖЕЖЖ іс-шараларын жүргізу үшін қаржыландыру	70 000,0	70 000,0	70 000,0	70 000,0	70 000,0	350 000,0
<b>Жиыны</b>	<b>71 024</b>	<b>70 000</b>	<b>90 735</b>	<b>130 700</b>	<b>130 700</b>	<b>493 159</b>

Дереккөз: ҚР АӨК дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба

### 3.3. ● Саланы қаржыландыру

2023 жылдың басындағы жағдай бойынша Корпорация мен «Қазагроқаржы» АҚ-тың жиынтық кредиттік портфелі барлығы 87,5 мыңнан астам түпкілікті қарыз алушылардан тұрады, олардың 65,8 мыңы тікелей қаржыландырылды, ал шамамен 21,7 мыңы – Корпорацияның екінші деңгейдегі банктерді (ЕДБ), КС және МҚҰ-ны қорландыру арқылы қаржыландырылды.

АӨК субъектілері үшін кредиттік ресурстардың негізгі көздері Корпорация, ЕДБ, КС және МҚҰ болып табылады. Соңғы жылдары Корпорация мен «Қазагроқаржы» АҚ АӨК нарығындағы негізгі кредиторлар болып табылады.


# 87 500



қарыз алушы

2023 жылдың басында Корпорация мен «Қаз-АгроҚаржы» АҚ кредиттік портфелінде болды



## Ауыл шаруашылығын кредиттеу көлемдерін салыстыру, млрд теңге



 ЕДБ (АНК қорландыруын шегергенде)  
 АНК (соның ішінде ҚАҚ)

\* ЕДБ деректерінде «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, Корпорация қорландырулары ескерілмеген.  
 Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, Корпорацияның ішкі есептері

Республиканың ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 2011 жылдан бері іс жүзінде өзгермей келе жатқанын атап өту маңызды (2011 жылы – 4,9%, 2022 жылы – 5,2%). Алайда, ЕДБ несие портфеліндегі ауыл шаруашылығының үлесі 2022 жылдың соңына қарай небәрі 1,8% құрады, бұл ЕДБ тарапынан саланың қаржыландырылуы айтарлықтай кем болғандығын көрсетеді.

Ұлттық банктің деректеріне сәйкес, 2022 жылдың аяғына ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына берілген кредиттің сомасы 400 млрд теңгеден асты, бұл өткен жылмен салыстырғанда 120,7 млрд теңгеге өсу болып табылады.

### Ауыл шаруашылығын ЕДБ тарапынан қаржыландырудың өсуі мынадай себептермен тежелуде:

1. ауыл шаруашылығы жобаларының әлсіз әдіснамасынан, осы салада жинақталған қаржыландыру тәжірибесінің жетіспеушілігінен және ірі астық холдингтерінің дефолттарының орын алуынан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісіндегі салалық тәуекелдерді консервативті бағалау;
2. салалық тәуекелдерді хеджирлеудің тиімді құралдарының жоқтығы, бұл кредиторлар үшін болжамсыздық пен белгісіздікке әкеледі;
3. ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің көптегені үшін негізгі



кепіл құралы болып табылатын ауылдық жерлердегі кепілмен қамтамасыз етудің төмен өтімділігі, соның ішінде жер нарығы мен жерді пайдалану құқығының әлсіз дамуы;

4. өтелуі ұзақмерзімді жобаларды қаржыландыру үшін қажет ұлттық валютадағы ұзақмерзімді қаржыландырудың жетіспеушілігі;
5. кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелер АНК-дегіге қарағанда жоғары, бұл кредиттердің ауылшаруашылық кәсіпорындары үшін тартымдылығын кмітеді;
6. ауылдық жерлерде өңірлік желіні дамытуға және қолдауға жұмсалатын шығындардың жоғары болуы, бұл қаржы ұйымдары үшін қаржыландырудың тартымдылығын төмендетеді.

АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде ЕДБ және басқа да жеке қаржы ұйымдарын АӨК-ті кредиттеуге тарту үшін шаралар қабылдануда. Бұған қарыздар мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, қарыздарға кепілдік беру жүйесін дамыту, агросақтандыру-

дың тиімділігін арттыру, үлестік және қоса қаржыландыру, сондай-ақ АНК арқылы қорландыру және басқа да шаралар кіреді.

Сондай-ақ, АНК-да қаржылық қызмет көрсетудің үздік тәжірибелері мен стандарттарына сәйкес бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жалғастырылуда.

Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыруға және ауылды дамытуға назар аудару сақталатын болады. Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік саланы қаржыландыру қарқынына АӨК дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде бөлінген қаражат ескеріле отырып, қолдау көрсетілетін болады.

Банктер АӨК-ті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына енгізілген және оларға қатысу үшін Корпорациямен ынтымақтасу арқылы ынталандырылған. Банктер үшін экономикалық ынталандыру жеңілдікті қаражат алу мүмкіндігінде және клиенттік базаны кеңейтуде болып табылады.

**PEST-талдау****Саяси және реттеуші факторлар**

<b>АӨК-ті мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейі</b>	+	АӨК-ті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, ауылдық жерлерде микрокредиттеуді кеңейту.
<b>Қазақстан Республикасының банк заңнамасын қатайту және банктердің Базель III-ке көшуі</b>	+	Дағдарыстық жағдайларда қаржылық шығындардан болатын тәуекелдерді азайту;
	+	Банктердің анағұрлым тұрақты қаржыландыру көздерін іздестіруі;
	+	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік талаптарын орындау үшін банктердің біріктірілуі.
<b>Корпорацияға қаржы агенті мәртебесін беру</b>	+	Республикалық бюджеттен бюджеттік кредит міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз етуге болады.
<b>Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу</b>	-	АӨК саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары мен басымдықтарының өзгертілуі.

**Экономикалық факторлар**

<b>ДСҰ, ЕАЭО, КО, ШЫҰ-ға мүшелік</b>	+	Сыртқы сауданы дамыту есебінен АӨК-ті қарқынды дамыту әлеуеті;
	-	Шетелдік ауыл шаруашылығы өндірушілері тарапынан бәсекелестіктің артуы;
	-	Аграрлық саясатты мемлекеттік қолдау шараларын қолдану бойынша шектеулердің күшейтілуі.
<b>Қазақстан Республикасының банк заңнамасын қатайту және банктердің Базель III-ке көшуі</b>	-	Қаржы институттарында ұлттық валютаның өтімділігінің төмендеуі;
	-	Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдарының құны артуы;
	-	Импортталатын ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарының құнына әсері.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін өзгерту



Қаржы институттарының кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерге әсері.

### Әлеуметтік факторлар

Халықтың өсуі, халықтың өмір сүру деңгейінің және урбанизацияның өсуі



Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту қажеттілігі;



Еңбекке қабілетті халықтың ауылдық жерлерден кетуі.

Ауыл халқының қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі



Қаржылық есептіліктің болмауы немесе сапасының төмендігі;



Ауыл халқының қаржы институттарына сенім арту деңгейінің салыстырмалы түрде төмендігі.

Ауылдық жерлерде АӨК субъектілерінің табысы мен кепіл базасының төмен деңгейі



АӨК субъектілерінің төлем қабілетінің төмендігі;



Қаржыландыру көздерінің төмен қолжетімділігі.

### Технологиялық факторлар

Интернеттің және мобильді технологиялардың ауылдық жерлерге ену деңгейін арттыру



Электрондық және онлайн қызметтерді дамыту.

АӨК негізгі қорларын жаңартуға қажеттілікті арттыру



Кредиттік өнімдер мен лизингке деген қажеттіліктің артуы.

Жасыл технологияларды дамыту



Жасыл технологияларды кредиттеу қажеттілігі;



Энергия тиімділігін арттыру.



4.

# Бизнес-шолу

GRI 201-1

ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ  
ҚҰТ МЕКЕН!

Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласындағы жобалар Корпорацияны қаржыландырудың басым бағыттары болып табылады

**14,1**  
млрд теңге

«Іскер» бағдарламасының шеңберінде қайта инвестицияланды



**20,6**  
млрд теңге

микрокредит жылдық 6% мөлшерлемесі бойынша берілді



**301,5**

млрд теңге

кредиттік серіктестіктердің  
01.01.2023 ж. бойынша  
несие портфелін құрады



# Бизнес-шолу

GRI 201-1

## 4.1. ● Корпорация қызметінің жекелеген шоғырландырылмаған көрсеткіштерінің динамикасы

### Қаржылық көрсеткіштер

	2020	2021	2022
Активтер, млрд теңге	547,5	806,5	1 013,59
Меншікті капитал, млрд теңге	159,7	270,7	404,33
Несие портфелі, млрд теңге	549,0	817,7	918,4
Таза пайда, млрд теңге	18,6	8,7	11,5

### Операциялық көрсеткіштер

	2020	2021	2022
Кредиттеу көлемі, млрд теңге	277,3	322,5	356,7
АӨК негізгі капиталына жылына салынатын инвестициялар сомасы, млрд теңге	155,3	180,5	156,9
Портфельдегі клиенттердің жыл соңындағы саны, бірл.	22 001	75 468	76 580

### Қаржылық емес көрсеткіштер

	2020	2021	2022
Корпоративтік басқару рейтингі, %	-	-	87%
Fitch Ratings	BBB-	BBB-	BBB-

## 4.2. ● Қызметтің стратегиялық бағыттары

GRI 2-22, 404-1

Өз миссиясын іске асыру үшін Корпорация екі негізгі стратегиялық бағыт бойынша жұмыс атқарады:

1. **АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды ұлғайту, қаржы институттарының институционалдық жетілуіне және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің артуына ықпал ету**
  - 1.1. АӨК субъектілерін қаржылық қызметтермен қамтуды ұлғайту;
  - 1.2. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің өсуіне жәрдемдесу;
  - 1.3. АӨК-тегі қаржы институттарының институционалдық дамуына жәрдемдесу.
2. **Қызметтің тиімділігін арттыру**
  - 2.1. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
  - 2.2. Операциялық қызметті жетілдіру;
  - 2.3. Корпоративтік басқарудың сапасы мен ашықтығын арттыру.

Даму стратегиясын іске асырылуын мониторингтеу Корпорацияның даму жоспарының іске асырылуын мониторингтеу жолымен жүзеге асырылады, оның іске асырылуы жөніндегі есеп Корпорацияның уәкілетті органына бекіту үшін жартыжылдық және жыл сайынғы негізде шығарылады.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
БАҒЫТ

**АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды ұлғайту, қаржы институттарының институционалдық жетілуіне және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің артуына ықпал ету**

### 1.1 мақсат. АӨК субъектілерін қаржылық қызметтермен қамтуды ұлғайту

**1.1.1 міндет. Корпорацияның кредиттеу бағдарламалары шеңберінде КС, МҚҰ, АИО, ЛК тікелей кредиттеуі және қорландыруы арқылы АӨК субъектілерін қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін пысықтау**

Корпорацияның Стратегиясында тек 2023 жылға арналған ҚТК көрсеткіштері ғана белгіленгенін ескере отырып, осы есепке Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 13 шешімімен бекітілген «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың 2019-2023 жылдарға арналған даму жоспарының болжамды мәндері қолданылады.



Корпорацияның даму стратегиясының негізгі көрсеткіштері (сандық және сапалы)

**НК 1. Корпорацияны қаржыландыру бағдарламаларының шеңберінде АӨК-ті кредиттеу көлемі**

- Корпорацияны қаржыландыру бағдарламаларының шеңберінде АӨК-ті кредиттеу көлемі (АНК)
- Корпорацияны қаржыландыру бағдарламаларының шеңберінде АӨК-ті кредиттеу көлемі (ҚАҚ)

**НК 2. АӨК саласында негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жыл ішінде):**

- ауыл шаруашылығында (АНК)
- ауыл шаруашылығында (ҚАҚ)
- тамақ өнімдерін өндіру саласында (АНК)

**НК 3. Корпорацияның кредиттеуінің жалпы көлеміндегі қаржы институттарын қорландырудың үлесі, кемінде**

**НК 4. Қолдау алған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жыл ішіндегі):**

- қолдау алған кәсіпорындар түсімінің көлемі (АНК) (бір жыл ішіндегі)
- қолдау алған кәсіпорындар түсімінің көлемі (ҚАҚ) (бір жыл ішіндегі)

**НК 5. Қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішіндегі):**

- қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (АНК) (бір жыл ішіндегі)
- қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (ҚАҚ) (бір жыл ішіндегі)

**НК 6. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі (ҚАҚ) (бір жыл ішіндегі)**

**НК 7. Қаржыландырылатын инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі**

**НК 8. NPL 90+**

- NPL 90+ (АНК)
- NPL 90+ (ҚАҚ)

**НК 9. ROA**

- ROA (АНК)
- ROA (ҚАҚ)

**НК 10. Қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің есепті жыл ішіндегі үлесі**

- Қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің есепті жыл ішіндегі үлесі (АНК)
- Қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің есепті жыл ішіндегі үлесі (ҚАҚ)

**НК 11. Кредиттік портфельдегі жеке сектордың үлесі**

**НК 12. Жалпы активтерден кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі**

- Жалпы активтерден кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі (АНК)
- Жалпы активтерден кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі (ҚАҚ)

**НК 13. Бизнес-процестерді автоматтандыру**

	Өлшем бірлігі	2022 жылғы орындалуы		
		Жоспар	Факт	Орынд., %
	млрд теңге	432,00	522,30	120,9
	млрд теңге	330,00	356,70	108,1
	млрд теңге	102,00	171,10	167,7
	млрд теңге	219,00	325,80	148,8
	млрд теңге	114,43	156,90	137,1
	млрд теңге	102,00	171,10	167,7
	млрд теңге	2,57	3,30	128,6
	%	63,7%	63,5%	99,7
	млрд теңге	166,40	240,93	144,8
	млрд теңге	90,80	179,97	198,2
	млрд теңге	75,60	94,73	125,3
	млрд теңге	15,50	21,85	141,0
	млрд теңге	13,20	19,65	148,8
	млрд теңге	2,30	2,50	108,7
	млрд теңге	102,00	171,10	167,7
	1 қызметкерге шаққанда мың теңге	4 175,50	6 639,10	159,0
	%	9,10%	7,00%	76,9
	%	7,30%	6,40%	87,7
	%	13,50%	8,17%	60,5
	%	2,00%	2,97%	148,7
	%	1,09%	1,26%	116,3
	%	2,77%	4,59%	165,7
	%	28,20%	35,10%	124,5
	%	17,16%	21,20%	123,6
	%	70,00%	70,20%	100,3
	%	100,00%	100,00%	100,0
	%	89,60%	84,94%	94,8
	%	89,84%	73,36%	81,7
	%	79,00%	83,86%	106,2
	%	100,00%	126,00%	126,0



Бұдан басқа, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпорацияның еншілес компаниясы болып табылады және ҚНҚ көрсеткіштерінің нақты орындалуы «ҚазАгроҚаржы» АҚ көрсеткіштері ескеріле отырып есептелген (шоғырландырылған).

### 2022 жылға 13 ҚНҚ мәні жоспарланған, олардың ішінде:

1. 11 ҚНҚ бойынша жоспарлар орындалды;
2. 2 ҚНҚ бойынша жоспарлар орындалмаған.

### Орындалмаған ҚНҚ бойынша ақпарат:

- «Корпорацияның жалпы кредиттеу көлеміндегі қаржы институттарын қорландырудың үлесі» ҚНҚ бойынша тиімділік көрсеткіші 63,5% немесе 63,7% жылдық жоспардың 99,7%-ын құрады. Болжамды мәннің ауытқуының себебі 2021 жылғы шарттар бойынша 3,9 млрд теңге сомасындағы 2021 жылы берілген қаражатты кредиттік серіктестіктерге ауыстыру 2022 жылғы қаржыландыру көлемінде көрсетілмегені болып табылады.
- «Жалпы активтерден кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі» ҚПК

бойынша шоғырландырылған деректер бойынша орындау 84,9% құрады (оның ішінде 73,4% – АНК, 83,9% – ҚАҚ).

Жоспарлы мәннің ауытқуы қарыз алушылардан негізгі қарыздың қайтарылуы жоспарланғаннан көп көлемде түскенімен, сондай-ақ қарыздардың мерзімінен бұрын өтелгенімен түсіндіріледі.

### 1.1.2 міндет. АӨК субъектілерін қаржыландыру құралдарын кеңейту және дамыту

АӨК субъектілерін кредиттік құралдармен қамтуды кеңейту үшін Корпорация қаржы институттарын, соның ішінде КС, МҚҰ, ЕДБ және ЛК-ны тікелей кредиттеу және қорландыру сияқты қаржы құралдарын қолданады.

Корпорацияның ауыл тұрғындарына жеңілдетілген кредиттеу бойынша тиімді құралдарының бірі – КС-ті қорландыру, бұл ауылдық жерлердің 95%-ын қамтиды. «Кең дала» негізгі бағдарламасы көктемгі егіс жұмыстарын кредиттеуге арналған. Соңғы қарыз алушы 5% мөлшерлемесімен кредит алады.

### «Кең дала» бағдарламасы бойынша егіс алқаптарын қамту (екі транш бойынша)

1-транш				
№	Индикатив	2022 жылға арналған жоспар	Берілді	Орынд. %
1	АШТӨ саны	2 400	2 619	109%
2	Соның ішінде жаңалары	387	755	195%
3	Ауданы, мың га	3 000	3 149	105%

2-транш				
№	Индикатив	2022 жылға арналған жоспар	Берілді	Орынд. %
1	Жоба саны	1 300	2 139	165%
2	Ауданы, мың га	1 300	2 016	155%

Бұдан басқа, Корпорация «Агробизнес» бағдарламасы бойынша белсенді түрде кредит ұсынады. АШТӨ-нің барлық қызметі, соның ішінде техника мен мал сатып алу осы бағдарлама арқылы қаржыландырылады. Көптеген бағыттарды мемлекет субсидиялайды.

Корпорация ШОБ сегментін дамытуға ерекше көңіл бөледі: мәселен, «Іскер» бағдарламасының шеңберінде 45,6 млрд теңге, оның ішінде: «Іскер» бағдарламасы арқылы – 21,1 млрд теңге, Іскер (реинвест) бағдарламасы арқылы – 14,2 млрд теңге және ЖҚК (МҚҰ) арқылы – 10,3 млрд теңге жылдық 6% мөлшерлемесімен ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару мен өңдеуге, ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдері бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұсынуға, ауылды жерлерде ауыл шаруашылығы бизнесін дамытуға берілді.

## **1.2 мақсат. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің өсуіне жәрдемдесу**

### **МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ**

**Озық инновациялық технологияларды енгізу көзделетін зәкірлік жобаларды қаржыландыру**

АНК қаржыландыруының басым бағыттары өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласындағы жобалар болып табылады. Құс фабрикалары, асыл тұқымды репродукторлар, жылыжайлар, сүт-тауар фермалары, интенсивті бақтар, ет өңдеу кешендері және басқалар сияқты АӨК саласындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға көп назар аударылады. 2022 жылдың ішінде Корпорация озық инновациялық технологияларды енгізу көзделетін 43, соның ішінде 19 жаңа инвестициялық жобаны қаржыландырды.

Сүт-тауар фермаларын құру жобаларында сауу залын пайдалана отырып, малды байлаусыз ұстау технологиясы пайдаланылады. Жылыжай шаруашылықтарында өсімдіктер гидропоникалық жолмен өсіріледі және метеостанциялар, тұмандандыру және дренаж жүйелері, автоматты суару, тыңайтқыш беру және климатты бақылау жүйелері пайдаланылады. Май өндіру жобаларында өнімді цехтар арасында беру үшін автоматтандырылған желілер қолданылады. Қауыз (күнбағыс қабығы) сияқты қалдықтар бу өндіру үшін пайдаланылады, ол өз кезегінде өндірісті қуаттандырады.

Егістік жерлерді суару үшін механикаландырылған суару инновациялық технологиясы бар дөңгелек жаңбырлатқыш



машиналар қолданылады. Бұл су мен тыңайтқышты біркелкі таратуға мүмкіндік береді. Құс фабрикаларын құру кезінде құстарды еденде ұстау қолданылады, ал тамақтандыру, суару, салмағын өлшеу және орынжайларда тиісті микроклиматты қамтамасыз ету сияқты технологиялық процестер автоматтандырылған. Қалдықтарды өңдеу әлемдік өндірушілердің жоғары технологиялық жабдықтарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жеміс-көкөніс өнімдерін терең мұздату және сақтау өндірістерін құрғанда өте төмен температура әсерімен көкөністерді тез мұздату технологиясы қолданылады, бұл өнімнің сапасына оң әсер етеді. Мұздатылған көкөністерде 90% дәрумендер мен 100% микроэлементтер сақталады. Интенсивті алма бақтарын салу кезінде тамшылатып суару жүйелері қолданылады.

### **1.3 мақсат. АӨК қаржы институттарының институционалдық дамуына жәрдемдесу**

#### **МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ**

#### **КС-тердің (кредиттік серіктестіктердің) институционалдық кемелділігін арттыру**

##### **01.01.2023ж. жағдай бойынша:**

- КС жалпы саны - 208;
- КС-тердің несиелік портфелі - 301,5 млрд теңге құрайды;
- қатысушылар саны - 24 506 АШТӨ, оның ішінде 17 173 жұмыс істеп тұрған қарыз алушы.
- NPL - 1,6%.

2019-2022 жылдар ішінде Корпорация 477 млрд теңге сомасына КС қаржыландырды, бұл 20 жыл ішіндегі жиынтық қаржыландырудың 58% -ын құрайды (2001 жылдан бастап 2022 жылды қоса алған аралықта 822 млрд теңге).

2022 жылдың қорытындысы бойынша, Корпорация КС жүйесі арқылы 155,8 млрд теңге жолдады (КС үлесі - 44%). Сонымен, бекітілген жылдық жоспар 17,5 млрд теңгеге асыра орындалды.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге берілген қаржыландыру көлемі 2 есе ұлғайды, жедел режимде 70 млрд теңге көлемінде қосымша бюджет қаражатын тарту бойынша жұмыс жүргізілді, оның 50,3 млрд теңгесі (72%) КС-тарға бағытталды.

2022 жылы КС қатысушыларына қаржылық қызметтер көрсетуде және КС несиелік портфелінің сапасын жақсартуда оң динамика байқалады: КС-тардың несиелік портфелінің 24,8%-ға өсуі (241,5 млрд теңгеден 301,5 млрд теңгеге дейін), Корпорация алдында міндеттемелері бар соңғы қарыз алушылар санының 1,03% - ға өсуі (16 637-ден 17173-ке дейін).

Бұдан басқа, Корпорация КС рейтингін айқындау мен оны беруге қатысты және КС жүйесі арқылы кредиттеу рәсіміне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды тұрақты негізде өзектендіреді. Бұл шаралар кредиттік серіктестіктерді дамытуды ынталандыруға және олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

## 2.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
БАҒЫТ

## Қызметтің тиімділігін арттыру

2.1 мақсат. Қаржылық  
орнықтылықты қамтамасыз етуМІНДЕТТІ  
ІСКЕ АСЫРУІшкі және халықаралық капитал нарықта-  
рында қаражат тарту

Корпорация 2022 жыл ішінде тартқан қаражаттың көлемі 228,0 мың теңге құрады, оның ішінде бюджеттік көздерден 179,7 млрд теңге тартылды:

- 140,0 млрд теңге ҚР Қаржы министрлігінен (КЕЖЕЖЖ өткізуді қаржыландыруға);
- 0,5 млрд теңге «Атырау облысында ШОБ дамыту» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Атырау облысының әкімдігі» ММ-нен;
- 8,3 млрд теңге «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан («ҚазАгро» ҰБХ» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға бюджеттік инвестициялардың түзетілген ҚЭН шеңберінде) сүт-тауар фермаларын салуды қаржыландыру және жаңбырлату машиналары мен тамшылатып суару жүйелерін пайдалана отырып, көкөністер мен қант қызылшасын өндіру және өңдеу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру үшін;
- 30,9 млрд теңге 006 «Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда

микрокредиттеу үшін облыстық бюджеттерді кредиттеу» ББ іске асыру шеңберінде.

Бюджеттен тыс көздерден 48,3 млрд теңге сомасында қаражат тартылды:

- «Сити Банк» АҚ айналым қаражатын толықтыру және кейіннен АӨК субъектілеріне кредит беру үшін 8,3 млрд теңге сомасында
- «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ жалпы корпоративтік мақсаттарға және Қоғамның айналымдық қаражатын толықтыруға 40,0 млрд теңге сомасында.


«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2022 жыл ішінде нақты қаражат тарту көлемі 100,7 млрд теңге құрады, оның ішінде:

- 25,0 млрд теңге «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ облигациялары;
- 40,2 млрд нарықтық облигациялар;
- 30,0 млрд теңге «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-тан қарыз;
- 5,5 млрд теңге «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ -тан.

Бюджеттен тыс көздерден облигациялар түрінде 65,2 млрд теңге сомасында (15 млрд теңге + 40,2 млрд теңге + 10 млрд теңге) және Корпорациядан қарыз түрінде 5,5 млрд теңге сомасында қаражат тартылды.

МІНДЕТТІ  
ІСКЕ АСЫРУПроблемалық жобалар санын азайту  
бойынша іс-шаралар өткізу

Басқарманың 30.03.2022 ж. № 18 және 04.06.2022ж. № 20 шешімдерімен 16 280,0



млн теңге мөлшерінде проблемалық қарыздар портфелі бойынша берешекті өтеудің 2022 жылға арналған жоспары бекітілді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жоспардың орындалуы 14 815,6 млн теңге, яғни жоспарланған көлемнің 91%-ын құрады.

Корпорация Холдингпен бірлесіп «Оңалту және банкроттық туралы» және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңдары сияқты нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге бастамашылық ету бойынша іс-шаралар өткізіп тұрады. Бұл проблемалық қарыздарды оңалту үшін неғұрлым қолайлы және тиімді орта құруға және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## **2.2 мақсат. Операциялық қызметті жетілдіру**

### **МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ**

#### **Негізгі бизнес-процестер мен ұйымдық құрылымның тиімділігін арттыру**

Облыстарда жаңа филиалдардың ашылуына байланысты 2022 жылы Корпорацияда штаттық қызметкерлердің орындары ауыстырылды: Абай облысы бойынша филиалға ШҚО бойынша филиалдан 7 қызметкер, ал Ұлытау облысы бойынша филиалға басқа филиалдар мен Орталық аппараттан 4 қызметкер ауыстырылды.

### **МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ**

#### **Мобильді және жинақы Холдинг құруға қатысу**

Жалғыз Акционердің Холдинг Басқармасы қабылдаған 2021.12.07 № 65/21 шешімімен Корпорацияны оған АШҚҚҚ-ны қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды. Жалғыз акционердің Холдинг Басқармасы бекіткен 13.12.2021 жылғы № 66/21 шешімі бойынша, тапсыру актісіне сәйкес Корпорация АШҚҚҚ-ның барлық мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болды.

Жалғыз акционердің Холдинг Басқармасы қабылдаған 2021 жылғы 16 маусымда № 30/21 шешімімен «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын Холдингке Корпорация акцияларына айырбасқа беру жөніндегі Жол картасы мақұлданды.

2021 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. Осы Заңмен 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңдарына «агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг» ұғымын кеңейтуге қатысты өзгерістер енгізілді. Енгізілген өзгерістер заңды күшіне енді.

Заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, Холдинг пен Корпорация 2022 жылғы шілдеде «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ты «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-қа табыстау жөнінде қажетті корпоративтік шешімдер қабылдады, бұл Холдингтің еншілес компанияларының санын қысқартуға мүмкіндік берді.

## МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ

### Негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру

Цифрландыру шеңберінде 2022 жылы «Іскер» бағдарламасы бойынша микрокредит жөніндегі өтінімдерді онлайн қарауға арналған платформа іске қосылды. Мемлекеттік деректер базасына қосылу жүзеге асырылды, бұл қажетті құжаттар тізімін қысқартты. Енді фермерлер мал шаруашылығын немесе өсімдік шаруашылығын дамытуға 6 млн теңгеге дейін кредит алуға өтінішті үйде отырып, интернетке қолжетімділік бар кез келген құрылғының көмегімен бере алады. Осы жүйенің арқасында өтінімдерді қарау уақыты 15 күннің орнына 10 минутқа дейін қысқарды және клиенттер кредитті алдын ала мақұлдау алады.

Бұдан басқа, Kaspi.kz платформасымен интеграция жүзеге асырылды, бұл клиенттерге төлемдерді комиссиясыз жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асыру кезінде клиенттерге ыңғайлы болу үшін Homebank жүйелері мен «Халық банкі» АҚ төлем терминалдары жақсартылды. Төлемдерді «Қазынашылық АЖ» арқылы оңтайландыру Корпорация клиенттеріне өтінім мақұлданғаннан кейін кеңселерге келудің санын 3 реттен 1-ге дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

## МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ

### Корпоративтік басқару рейтингін жоғарылату

2022 жылы KPMG тәуелсіз компаниясының қатысуымен Корпорацияның корпоративтік

басқаруын 2019-2021 жылдардың қорытындысы бойынша диагностикалау жүргізілді. Диагностика нәтижелері бойынша KPMG Есеп дайындады және корпоративтік басқару жүйесін (КБ) жақсарту бойынша ұсыныстар берді. KPMG пікірінше, Корпорацияның КБ жүйесі жетекші іс-тәжірибелердің көптеген ұсыныстарына сәйкес келеді. Қазақстанның басқа компанияларымен салыстырғанда, Корпорацияның КБ жүйесі орташадан жоғары сәйкестік деңгейін көрсетіп, 87% құрады (орташа көрсеткіш 75% болған жағдайда). Берілген ұсынымдар негізінде Директорлар кеңесі Корпорацияның корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша түзету немесе алдын алу іс-қимылдарының 2023-2024 жылдарға арналған жоспарын бекітті.

## МІНДЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ

### Адами ресурстарды дамыту

#### GRI 40-1, 404-2

2022 жылы Корпорация қызметкерлердің 2021 жылғы қызметінің қорытындыларын кешенді бағалау бойынша іс-шаралар өткізді, оның нәтижелері бойынша оң бағаланған қызметкерлердің лауазымдық жалақылары лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі ескеріле отырып, бекітілген грейдтер мен еңбекақы төлеу қоры шеңберінде қайта қаралды.

2022 жылы 422 қызметкердің, оның ішінде орталық кеңсенің 74 қызметкерінің және филиалдардың 348 қызметкерінің жалақысы қайта қаралды.

Адами ресурстарды дамыту және қызметкерлерді ынталандыру мақсатында,

сондай-ақ корпоративтік рухты нығайту үшін Корпорацияда қызметкерлердің біліктілігін арттыру іс-шаралары, мемлекеттік және кәсіби мерекелерді мерекелеу корпоративтік іс-шаралары өткізіледі, қызметкер ауырған жағдайда жұмыс берушінің есебінен ерікті медициналық сақтандыру ұсынылады. Жыл сайын Корпорация қызметкерлерінің шамамен 25%-ы оқитудан немесе біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

2022 жыл ішінде Корпорация қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жоспарын іске асыру шеңберінде оқыту іс-шараларына 231 қызметкер, оның ішінде орталық аппараттың 180 қызметкері және филиалдардың 51 қызметкері қатысты.

Қызметкерлердің эмоциялық шаршауын болдырмау үшін еңбек ресурстарын тиімді пайдалану қадағаланады және тиісті іс-шаралар уақтылы жүргізіледі.

## 4.3.

## Қаржылық нәтижелер

GRI 201-2

### Кірістер туралы есептің негізгі көрсеткіштері

млрд теңге	2022 ж.*	2021 ж.*
<b>Кірістер, барлығы</b>	<b>124,0</b>	<b>80,4</b>
соның ішінде:		
• қаржыландырудан түсетін кірістер	119,2	78,3
• басқа кірістер	4,8	2,1
<b>Шығыстар, барлығы</b>	<b>109,9</b>	<b>69,5</b>
соның ішінде:		
• әкімшілік шығыстар	4,3	3,6
• өнімдерді өткізу және қызмет көрсету шығыстары	6,7	3,4
• резервтер құру бойынша шығыстар	32,0	0,1
• қаржыландыру шығыстары	61,5	40,1
• басқа шығыстар	5,4	22,3
КТС	2,6	2,2
<b>Таза кіріс</b>	<b>11,5</b>	<b>8,7</b>

\* 2022 жылғы аудиттелген шоғырландырылмаған қаржылық есептілік деректеріне сәйкес.

## Баланстың негізгі көрсеткіштері

млн теңге	2022 ж.*	2021 ж.*
<b>Активтер</b>		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	107 720	102 853
Банктерге берілген кредиттер	10 456	12 709
Клиенттерге берілген кредиттер	722 917	665 016
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	10 205	9 627
Сатуға арналған ретінде жіктелетін активтер	1 025	1 602
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	147 470	
Инвестициялық бағалы қағаздар	593	839
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	2 899	3 129
Негізгі құралдар	1 345	1 426
Материалдық емес активтер	531	625
Басқа активтер	8 429	8 659
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>1 013 590</b>	<b>806 485</b>
<b>Міндеттемелер</b>		
Акционер алдындағы берешек	89 417	94 260
Үкімет алдындағы берешек	60 748	-
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	182 850	166 814
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	48 884	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	178 599	196 654
Басқа міндеттемелер	48 760	78 068
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>609 258</b>	<b>535 796</b>
<b>Меншікті капитал</b>		
Акционерлік капитал	401 837	254 366
Резервтік капитал	13 846	11 238
Жинақталған шығын	(11 351)	5 085
<b>Меншікті капиталдың барлығы</b>	<b>404 332</b>	<b>270 689</b>
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)</b>	<b>1 007,96</b>	<b>1 066,85</b>

\* 2022 жылғы аудиттелген шоғырландырылмаған қаржылық есептілік деректеріне сәйкес

Топырағы құнарлы құт мекен!



### Есепті жылдың қорытындысы бойынша Қоғам оң қаржылық нәтижелер көрсетті.

2022 жылы Қоғамның активтері Жалғыз акционер Басқармасының 2022 жылғы 13 шілдедегі №29/22 шешімі бойынша жарғылық капиталды жай акцияларды орналастыру жолымен ұлғайтуға байланысты өткен жылмен салыстырғанда 25,7%-ға, меншікті капитал - 49,4%-ға өсті.

11,5 млрд теңге сомасында кіріс алынды, оның артуы негізінен несие портфелінің өсуімен байланысты болды.

2022 жылы 2021 жыл үшін 6,1 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төленді.

Ағымдағы өтімділіктің коэффициенті 3,12 құрады, бұл Қоғамның ағымдағы өз міндеттемелерін уақтылы өтеу қабілетін көрсетеді.

Қаржылық левередж коэффициенті 1,51 құрады (коэффициенттің белгіленген мәні - 5,5).

### Қаржылық нәтижелерге әсер ететін факторлар

- 1. Капиталдандырудың жоғары деңгейі.** Баланс құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Корпорация активтерінің 31,2%-ын құрайды, бұл Жалғыз акционер тарапынан қолдау көрсетілетінінің және пайдалы қызметтің көрінісі.
- 2. Өтімділіктің қолайлы деңгейі.** Корпорация несие портфелінің тұрақты өсуін және кредиторлар алдындағы

міндеттемелердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін қолдап отырды. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтімді активтердің үлесі 13% құрады.

**3. Қаржылық тәуекелдерді тиімді басқару.** Корпорацияда кредиттік тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

**4. Пруденциалдық нормативтерді сақтау.** Корпорация ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген АӨК саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтер мен өзге де нормалар мен лимиттерді ұстанады. Корпорация белгіленген нормативтердің бұзылуына жол бермеу бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.

# 6,1

млрд теңге

дивиденд  
төленді



#### 4.4. ● Оператордың функциялары және агенттік қызметтер

##### Субсидиялау

Корпорацияның қаржыландыру желісі бойынша АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдау субсидиялау жолымен мынадай құжаттар шеңберінде жүзеге асырылады:

- 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 АӨК субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары.
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары.
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары.

##### Сақтандыру

2020 жылғы қаңтардан бастап сақтандырудың міндетті түрінен ерікті түріне көшу жүзеге асырылды, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III «АӨК-ті және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді. АӨК саласындағы сақтандыру жүйесі 250 «Қаржы қызметтерінің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасының «Агроөнеркәсіптік

кешендегі сақтандыруды қолдау» 108 кіші бағдарламасы шеңберінде іске асырылады. Аграрлық секторда сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мүлкіктік мүдделерін қорғауды арттыру болып табылады.

АӨК-тегі ерікті сақтандыру жүйесінде сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау көрсетілуі көзделген, бұл АШТӨ үшін сақтандыру полисін неғұрлым қолжетімді етуге мүмкіндік береді. 2022 жылы «Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 172 бұйрығына енгізілген өзгерістер шеңберінде 5 қыркүйектен бастап субсидиялау мөлшері АӨК сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысы сомасынан 80%-ға дейін ұлғайтылды (бұрын 50%).

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ АӨК-те сақтандыру саласындағы оператор болып белгіленді және мынадай функцияларды жүзеге асырады:**

1. сақтандырудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және оны сүйемелдеу қызметтерін сатып алу. Agroinsurance ақпараттық сервисінде онлайн сақтандыру процесін қамтамасыз ету мақсатында сүйемелдеу;
2. сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының субсидияларын уақтылы төлеуді қамтамасыз ету түрінде бюджет қаражатын бөлу процесін әкімшілендіру;
3. субсидиялауға жататын сақтандыру өнімдерін, оның ішінде сақтандыру компаниялары әзірлеген өнімдерді әзірлеу,



сараптама жүргізу және бекіту. АӨК-те сақтандыру мәселелері бойынша Сараптамалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта агросақтандыруда өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы саласында 14 сақтандыру өнімі жұмыс істейді, олар бойынша сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін субсидиялау жүзеге асырылады. Бұл сақтандыру өнімдерін «жалпы сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушылар әзірлеген.

**Өсімдік шаруашылығы саласында өндірісті жүргізу ерекшеліктеріне байланысты интенсивті және жартылай интенсивті алма бақтары үшін әзірленген бау-бақша шаруашылығында сақтандыру өнімдері енгізілді:**

1. көпжылдық екпелерді - алма ағаштарын сақтандыру;
2. алма түсімін сақтандыру.

Мал шаруашылығы саласында жануарларды сақтандырудың қолданыстағы өнімдері (ІҚМ) саны 10-нан 30 басқа дейінгі малды сақтандыру бойынша опциямен толықтырылды, бұрын сақтандыруға кемінде 30 бас ІҚМ қабылданатын.


Сонымен, жаңа жүйе бойынша нарықтың қажеттіліктеріне байланысты жекелеген салаларға, қосалқы салаларға, табиғи құбылыстарға, олардың жиынтығына, экономикалық тәуекелдерге және т.б. әзірлеуге болатын көптеген сақтандыру өнімдерінің болуы көзделеді.

2022 жылы АӨК саласында 269 сақтандыру шарты жасалды, оның ішінде өсімдік шаруашылығында 201 шарт бойынша 362 мың га,

135 мың бірлік алма ағашы және 0,956 мың тонна алма өнімі сақтандырылды, сақтандыру сыйлықақысы 1 097,1 млн теңге құрады, оның 570,4 млн теңгесі субсидияланды.

Мал шаруашылығында 59 шарт бойынша 16 мың бас мал және 9 шарт бойынша 2 070 мың бас құс сақтандырылды, сақтандыру сыйлықақысы 215,3 млн теңге құрады, оның 147,1 млн теңгесі субсидияланды.

### Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін субсидиялау жөніндегі ақпарат



- Сақтандыру шарты, бірлік
- Сақтандыру сомасын субсидиялау сомасы, млн теңге

**Жалпы алғанда, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру компаниялары 2022 жылы 1 221,5 млн теңге төледі (2021 жылғы көрсеткіштен 1,5 есе көп).**

## Ауылдық ипотека

### «Дипломмен ауылға!» ауылдық ипотека)

2022 жыл ішінде Корпорация ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін тартылған денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет,

спорт және АӘК саласының мамандары үшін тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредиттер беру жөніндегі сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде әрекет ете отырып, 4 231 қарыз шартын жасасты, ол бойынша 19 038,8 млн теңге аударылды.


### Ауылдық ипотека бойынша несиелік портфельі, млн теңге



Негізгі борыштың қалдығы, млн теңге




Қолданыстағы қарыздар саны, мың бірл.



Топырағы құнарлы құт мекен!

Осы бағдарлама бойынша несиелік портфельі 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша 94,1 млрд теңге құрайды, портфельдің өсімі өткен жылмен салыстырғанда 9,9% құрады. 2022 жылдың аяғында белсенді қарыз алушылар

саны 38 426 клиент құрайды. Өңірлер арасында несиелік портфельіндегі ең үлкен үлес Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарында және Шымкент қаласында, ал ең аз үлесін Түркістан және Атырау облыстарында.





5.

# Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

GRI 201-1



**ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ  
ҚҰТ МЕКЕН!**

Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және бақылауға ықпал ететін үздіксіз процесс болып табылады



17

тәуекел

5 санат бойынша  
Компания тәуекелдерінің  
тізбесін құрайды



5.

# Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

GRI 201-1


Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және бақылауға ықпал ететін үздіксіз процесс болып табылады. Ол сондай-ақ Корпорацияның Басқармасы мен Директорлар кеңесін тәуекелдер мен оларды барынша азайту шаралары туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты пайдалылық пен тәуекел деңгейі арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде Корпорацияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

## 5.1. ● Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің ұйымдық құрылымы (ТБКЖ)

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Корпорацияның ұйымдық құрылымының тәуекелдерді басқару процесіндегі элементтері: Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, соның ішінде Тәуекел-менеджмент департаменті, Ішкі аудит қызметі және басқа да құрылымдық бөлімшелер.





Топырағы құнарлы құт мекен!

Тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылардың функциялары «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың тәуекелдерді басқару саясатымен айқындалған, ол корпоративтік сайтта ашық қолжетімділікте орналастырылған.

Корпорация келесі құралдар арқылы өз тәуекелдерін уақтылы анықтайды, өлшейді, бақылайды және бақылайды.



### Тәуекелдерді басқару құралдары

- тәуекелдер бойынша деректер базасын жүргізу;
- тәуекел иелерінің тәуекелді өзін-өзі бағалауды жүргізуі;
- тәуекелдің негізгі индикаторларын мониторингтеу;
- тәуекелдер Тізілімі мен картасын қалыптастыру;
- Корпорация процестерінің, жүйелерінің инновацияларын және/немесе өзгерістерін бағалау;
- тәуекелдер бойынша есеп беру;
- Корпорацияның бөлімшелерін тексеру бойынша аудиторлық есептердің, қызметтік тергеулердің нәтижелерін талдау және дерекқорға енгізілген, операциялық тәуекелдерді анықтауға арналған басқа да көздер / есептер

### Система управления рисками



#### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР

Корпорацияда COSO ERM: 2017 және ISO 31000:2018 халықаралық стандарттарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді. Корпорациядағы тәуекелдерді басқару – тәуекелді ескере отырып, ұйымның стратегиялық мақсаттарын анықтауға және оларға қол жеткізуге бағытталған мәдениеттің, мүмкіндіктердің, тәжірибелердің және үйлестірілген әрекеттердің жиынтығы.



#### КОРПОРАЦИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Корпорацияның қызметі Тәуекелдер тізілімінде бағаланған, санаттарға топтастырылған және Тәуекелдер картасында орналастырылған 17 тәуекелге ұшырауға бейім.

- **Қызыл аймақта** – 4 тәуекел;
- **Сары аймақта** – 11 тәуекел;
- **Жасыл аймақта** – 2 тәуекел.



### 3. КОРПОРАЦИЯДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Корпорацияның тәуекел картасының маңызды және қауіпті аймағында орналасқан тәуекелдер бойынша тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) әзірленді. Тәуекелдер картасының сыни аймағындағы тәуекелдер бойынша барлығы 5 ТНИ әзірленді, олар бойынша ТНИ көрсеткіштерінің ағымдағы деңгейі туралы мерзімді негізде есеп жасалып, одан әрі қарай корпорацияның уәкілетті органына ұсынылады.

### 4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Корпорация Тәуекелдер тізілімі шеңберінде тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарына барлық тәуекел топтары бойынша орындау мерзімдері белгіленген 112 іс-шара бар. Тәуекел иелері тоқсан сайынғы негізде іс-шаралардың орындалуы бойынша есеп береді.





## 5.2. ● 2022 жылы сәйкестендірілген тәуекелдер

Корпорацияның әдістемесі, ең алдымен, тәуекелдерді басқару мен бағалаудың орталықтандырылған жүйесіне негізделген. Оның мақсаты жиынтық тәуекелді Корпорация өз стратегиялық міндеттеріне сәйкес белгілеген деңгейде ұстап тұру болып табылады.

### Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесіне келесі компоненттер кіреді:

- Корпорацияның шоғырландырылған негізде есептелетін тәуекел-тәбетінің компоненттері және/немесе көрсеткіштері, соның ішінде тәуекелдердің жалпы көлемін қалыпты және күйзелістік жағдайларды ескере отырып жабу үшін капиталдың жеткіліктілігі.
- Бірыңғай талаптар, лимиттер мен шектеулер белгілеу арқылы тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару.
- Корпорацияның басқарушылық есептілігін қалыптастыру арқылы тәуекелдердің жекелеген түрлерін мониторингтеу.
- Корпорацияның уәкілетті алқалы органдары тарапынан еншілес ұйымның жекелеген мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау.

Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделген, өйткені Корпорация әуелден шашыраңқы болып табылатын барлық тәуекелдерді бағалауы тиіс. Корпорацияның ішкі капиталын есептеу және оны барлық тәуекелдерді жабуға арналған қолда бар қаржы ресурстарымен салыстыру үшін кейіннен агрегациялау мақсатында тәуекелдің әрбір түрін сандық бағалау жүргізіледі.

Ішкі капиталда қалыпты және күйзелістік жағдайларда есептелетін келесі тәуекел түрлері ескеріледі: кредиттік тәуекел, валюталық және пайыздық тәуекел, операциялық тәуекел, іскерлік тәуекел. Көрсетілген тәуекелдердің барлығы Корпорацияның ішкі құжаттарына сәйкес сәйкестендіріледі және бағаланады.

**Корпорацияға тән тәуекелдердің кейбір бөлігі тәуекел картасында көрсетіледі, ол ықтималдылығы мен Корпорация қызметіне ыөпалына байланысты тәуекел аймақтарына бөлінеді:**


қызыл аймақ	сары аймақ	жасыл аймақ
<p>Корпорация қызметінің тәуекелге максималды ұшырағыштығын білдіреді және тәуекел иесі, бизнес-процесс иесі, жоғары басшылық немесе Корпорацияның уәкілетті алқалы органдары тарапынан тәуекелді барынша азайту бойынша кідіріссіз іс-қимылды талап етеді</p>	<p>тәуекел иесі, бизнес-процесс иесі, жоғары басшылық немесе Корпорацияның уәкілетті алқалы органдары тарапынан тәуекелді азайту бойынша белгілі бір, бірақ шұғыл емес шараларды талап ететін тәуекелге ұшырағыштықтың қолайлы деңгейін білдіреді</p>	<p>бизнес-процестің иесімен немесе тәуекел иесімен келісілген және тәуекел иесі, бизнес-процестің иесі, жоғары басшылық немесе Корпорацияның уәкілетті алқалы органдары тарапынан тәуекелді барынша азайту бойынша шұғыл шараларды талап етпейтін тәуекелдерге ұшырағыштықтың қолайлы деңгейін көрсетеді</p>

Ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес тәуекел иелері тәуекелдің негізгі көрсеткіштерін тәуекелдерді басқару құралы ретінде анықтайды. ТНИ тәуекелдің туындау себептерін анықтау үшін қолданылады және тәуекел иесіне болашақта тәуекелді азайту үшін тиісті шаралар

қабылдауға мүмкіндік береді. ТНИ сонымен қатар тәуекелге ұшырағыштық себептерін бақылау және болжау үшін де қолданылады.

**2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімі 17 тәуекелді қамтитын 5 санаттан тұрады.**

<b>Стратегиялық тәуекелдер</b>	
1	Стратегиялық жоспарлау және ресурстарды бөлу тәуекелдері
2	Беделдік тәуекелдер
<b>Операциялық тәуекелдер</b>	
3	Персонал тәуекелдері
4	Бизнес-процестердің дұрыс жұмыс істемеу тәуекелдері
5	Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері (АҚ)
6	Есептіліктің дұрыс емес және уақтылы ұсынылмауы тәуекелдері
7	Әкімшілік-шаруашылық тәуекелдері
<b>Қаржылық тәуекелдер</b>	
8	Өтімділіктің бұзылу қаупі
9	Валюталық тәуекел
10	Меншікті капиталдың азаюы тәуекелдері
11	Модельдік тәуекел
<b>Кредиттік тәуекелдер</b>	
12	Контрагент банктердің кредиттік тәуекелі
13	Кредиттік портфель тәуекелдері
14	Кепілді қамтамасыз ету құнының айтарлықтай төмендеу немесе жоғалу тәуекелдері
<b>Құқықтық тәуекелдер</b>	
15	Комплаенс-тәуекелдер
16	ҚР ҰБ ковенанттары мен пруденциалдық нормативтерін орындамау тәуекелі
17	Сот талқылауларының туындауы тәуекелдері



Тәуекелдерді басқару жөніндегі процедуралар шеңберінде 2022 жылы деректерді және басқа да тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар әзірленіп, өткізілді, тәуекелдердің иелері бекітілді, түйінді индикаторлар айқындалды, Корпорацияның Басқармасы мен Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша есептілік дайындалып, ұсынылды.

Бизнес-процестер мен қызмет бағыттарын ескере отырып, Корпорацияның тәуекелдер тізілімін және тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын жасау және жаңарту ТБКЖ жұмысының міндетті талабы болып табылады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды Корпорацияның ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

### 5.3. ● 2022 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

#### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды, бұл Корпорацияның өзінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін бағасы қолайлы жеткілікті өтімді қаражатпен қамтамасыз етілгендігіне әсер етеді. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдері мен пайыздық мөлшерлемелердің сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі Корпорацияны басқарудың негізгі тұсы болып табылады.

Корпорация барлық міндеттемелерді олардың өтеу мерзімдері келген кезде орындау үшін қажет қаражат үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділікті басқаруды жүзеге асырады. Өтімділік тәуекелін басқару Корпорацияның Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару қағидалары шеңберінде жүзеге асырылады.

#### Корпорациядағы өтімділікті басқару процедураларына мыналар кіреді:

- Ақша ағындарын болжау және осы ақша ағындарымен байланысты өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу.
- Қаржыландыру көздерінің әртараптан-дырылған құрылымын қолдау.
- Қарыз қаражаттарының шоғырлануы мен құрылымын басқару.
- Қарызды қаржыландыру жоспарларын әзірлеу.
- Кассалық өтімділік бұзылған жағдайда еркін жүзеге асыруға болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету.
- Өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарлар әзірлеу.
- Корпорация өтімділігінің баланстық көрсеткіштерінің заңнамамен белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі көрсетілген құжаттар шеңберінде, мынадай құралдар мен талдамалық есептер пайдаланылып өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің реттеуші және шарттық нормативтері; өтімді қаражаттың ағымдағы қалдықтарын және өтімді қаражаттың жоспарланған түсімдерін/шығыстарын талдау; Basel ұсынатын LCR және NSFR өтімділік коэффициенттерін қоса, өтімділіктің ішкі коэффициенттері; өтімділік алшақтықтарын талдау (гэп-талдау).

Корпорация өтімділікті жоғалту тәуекелін төмендету шараларын қабылдау мақсатында гэп – кумулятивті алшақтықты талдау жолымен өтімділік тәуекелін мониторингтеуді жүзеге асырады. Ағымдағы өтімділікті басқару жауапкершілігі өтімділіктің жеткілікті деңгейін ұстап тұру және ақша ағындарын оңтайландыру үшін қаржы нарықтарында операциялар жүргізетін Қазынашылық департаментіне жүктеледі.

Өтімділік тәуекелі туралы ақпарат Корпорацияның Басқармасы мен Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылатын тәуекелдер жөніндегі есепте жинақталады.

### **Нарықтық тәуекелдер**

**Корпорация өз қызметінің барысында шетел валюта бағамдарының қолайсыз өзгеруінен туындаған ашық валюталық позиция бар болған жағдайда валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Нарықтық тәуекелдерді басқару процесіне мынадай жүйелі кезеңдер кіреді:**

- Басқаруды жоспарлау: нарықтық тәуекелдерді тиімді басқарудың тиісті тәсілдерін анықтау.

- Сәйкестендіру: Корпорацияның қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін нарықтық тәуекелдердің әртүрлі түрлерін анықтау және құжаттау.
- Сапалық бағалау: нарықтық тәуекелдерді сапалы талдау, Корпорацияның қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында олардың пайда болу себептерін анықтау.
- Сандық бағалау: нарықтық тәуекелдердің туындауының ықтималдылығы мен іске асырылуының салдарын сандық талдау.
- Ден қоюды жоспарлау: нарықтық тәуекелдерді іске асырудың жағымсыз салдарын жұмсартатын процедуралар мен әдістерді анықтау.
- Тәуекелге ұшырағыштықты мониторингтеу және бақылау: нарықтық тәуекелдерді мониторингтеу, оларды уақтылы басқару процедураларын орындау және нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты азайту бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау.

Нарықтық тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты жиынтық тәуекелді Корпорация өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес айқындаған деңгейде ұстап тұру болып табылады. Күтпеген қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерді азайту арқылы Корпорацияның активтері мен капиталының барынша қауіпсіздігін қамтамасыз ету басымдық болып табылады.

**Нарықтық тәуекелдерді бағалау әдістеріне мыналар жатады:**

1. Валюталық тәуекел. Валюта позициясын мониторингтеу, оған валюта бағамдарының өзгеру сезімталдылығын талдау және қаржылық нәтижеге әсер ету

кіреді. Валюта позициясының өзгеру шамасы қолданылатын стресс-сценарийдің түріне байланысты;

2. Валюталық тәуекел. ковариациялық-вариациялық матрицаны қолдана отырып, тарихи әдіс бойынша айлық, жылдық VaR есептеу;
3. Пайыздық тәуекел. бағалы қағаздар портфелін дюрация шамасы мен көлеміне қатысты мониторингтеу, ол өтеуге дейінгі пайдалылықтың өзгеруін және қаржылық нәтижеге әсерін қамтиды. Пайдалылықтың өтеуге дейін өзгеру шамасы қолданылатын стресс-сценарийдің түріне байланысты;
4. пайыздық ГЭП – пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне сезімтал активтер мен міндеттемелердің алшақтықтарын мониторингтеу, ол сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруін және қаржылық нәтижеге ықпалын қамтиды. Мөлшерлеменің өзгеру шамасы қолданылатын стресс-сценарийдің түріне байланысты болады.

Нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштық тәуекелі туралы жиынтық ақпарат Корпорацияның басқармасы мен Директорлар кеңесіне тоқсан сайын беріледі.

### **Операциялық тәуекел**

Операциялық тәуекел – қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеу тәуекелі, сондай-ақ ішкі процестерді жүзеге асыру барысында қызметкерлер тарапынан жіберілген кемшіліктер немесе қателіктердің нәтижесінде (персоналдың тәуекелдерін қоса), ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмысының нәтижесінде (технологиялық тәуекелдер), сол

сияқты сыртқы оқиғалар салдарынан залал туындау тәуекелі.

Операциялық тәуекелдерді басқарудың мақсаты Корпорацияның операциялық тиімділігін оңтайландыру, операциялық шығындарды азайту, шығыстарды ұтымды ету, сондай-ақ Корпорацияның бақылаудан тыс оқиғаларға ден қою уақытын азайтып, адекваттылығын арттыру жолдары болып табылады.

### **Операциялық тәуекелдерді басқару құралдары:**

- ықтималды және орын алған тәуекелдер, соның ішінде Корпорациядағы қызметтің әрбір бағыты шеңберіндегі елеулі шығындар туралы тарихи деректерді тұрақты негізде жинақтау және қадағалау мақсатында пайдаланылатын тәуекелдер дерекқоры. Корпорацияның тәуекел менеджменті департаменті тіркелген тәуекел оқиғаларының бар-жоқтығын анықтау үшін Дерекқорды күнделікті негізде мониторингтейді;
- операциялық тәуекелдерді өздігінен бағалау, бұл Корпорация қызметкерлеріне бөлімше/процесс/операциялар ұшырайтын операциялық тәуекелді өз бетінше анықтауға және талдауға мүмкіндік береді;
- Тәуекелдің негізгі индикаторлары, тәуекелдің жоғарылауы және/немесе Корпорацияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін ықтимал оқиға туралы ерте сигналдар беретін құрал;
- Тәуекелдер тізілімі мен Картасы Қоғамда сәйкестендірілген тәуекелдерді Корпорацияның Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін басқарушылық есептілік шеңберінде жүйелеу үшін қолданылады.

Операциялық тәуекелдерді біртұтас және жан-жақты басқаруды қамтамасыз ету үшін операциялық тәуекелдерді басқару құралдары кешенді және өзара байланыста қолданылады.

Операциялық тәуекелдер Basel нұсқауларына сәйкес оқиғалар санаттары мен себептері бойынша жіктеледі.

**Операциялық тәуекелдер оқиғаларының санаттары:**


- Персоналдың іс-әрекетіне жататын тәуекел (персоналдың іс-әрекеттерімен, агенттермен және делдалдармен байланысты немесе Корпорацияның клиенттермен, реттеуші органдармен немесе үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынасымен байланысты шығарылар тәуекелі);
- Жүйенің жұмыс істеуімен байланысты тәуекел (телекоммуникация мен АТ инфрақұрылымының жаңылыстарымен және тоқтауымен байланысты тәуекел);
- Процестермен байланысты тәуекел, бизнес-процестерді жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ олар тиімсіз ұйымдастырылған жағдайда орын алатын

қателіктердің себебінен туындайтын жоғалту тәуекелі;

- Сыртқы факторлармен байланысты тәуекел (сыртқы алаяқтықты, негізгі құралдардың зақымдануын немесе заңнамадағы Корпорацияның операциялық/бизнес қызметінің жалғастырылуына араласуға әкеп соғуы мүмкін өзгерістерді қоса алғанда, үшінші тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланысты шығындар тәуекелі).

Операциялық тәуекелдер бойынша жиынтық ақпарат тәуекелдерді бағалау жөніндегі тоқсан сайынғы есептің құрамында Корпорацияның Директорлар кеңесіне шығарылады.

Тәуекел менеджменті департаменті Корпорацияның тәуекел-үйлестірушілерімен өзара ықпалдасады, олар операциялық тәуекел оқиғалары туралы ақпараттың толық және уақтылы жиналуы мен берілуін қамтамасыз ету, операциялық тәуекелді басқаруға жәрдемдесу және операциялық тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдің негізгі индикаторларын ұстану бойынша бақылауды жүзеге асыру функциясын атқарады.



Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде Корпорация операциялық тәуекелдерді басқару процесіндегі жауапкершілікті бөлу көзделетін «қорғаудың үш желісі» қағидатын басшылыққа алады:



**Бірінші қорғау желісі** – Корпорацияның барлық қызметкерлері қамтамасыз етеді, олар операциялық тәуекелдерді анықтайды және олармен пайда болған жерінде жұмыс істейді

**Екінші қорғау желісі** – тәуекелдерді басқару бөлімшелері және Корпорацияның бақылау функцияларын жүзеге асыратын өзге де құрылымдық бөлімшелері қамтамасыз етеді

**Үшінші қорғау желісі** – ішкі аудит бөлімшесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау жолымен қамтамасыз етеді

Операциялық тәуекелдерді басқару процесі Корпорацияның ішкі құжаттарымен реттелген және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Операциялық тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылар ықтималды тәуекелдерді айқындау және тіркеу, сондай-ақ олардың деңгейін барынша азайту және оларды іске асырудан теріс салдарлардың орын алуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау функцияларын жүзеге асырады.

### **Кредиттік тәуекел**

Корпорация кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім, бұл қаржы құралы жөніндегі контрагенттің өз міндеттемелерін орындамау қаупі болып табылады.

Корпорацияның кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің басты мақсаты кредиттік тәуекелді барынша азайту, оның алдын алу, қарыз алушының өз қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық

шығындардың туындауы ықтималдығын азайту болып табылады.

Кредиттік тәуекел Корпорацияның қаржылық активтері бойынша қарыз алушының кредит өтеу қабілетінің/төлем жасау қабілетінің төмендеуі/жоғалуы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығасыларды мойындау және/немесе ықтималды қаржылық шығасыларды жабу үшін резервтерді (провизияларды) қосымша есептеу арқылы іске асырылады.

#### **Кредиттік тәуекелдерді азайту мақсатында Корпорация:**

1. кредиттік қызметті ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;
2. кредиттеу лимиттерін, оның ішінде бір қарыз алушыға, қарыз алушылар тобына лимиттер есептеу және белгілеу негізінде тәуекелдерді бақылау;
3. қарыз алушының кредит өтеу қабілетін талдау;
4. есептілік және мониторинг жүйесіндегі уақтылы және тиімді іс-қимылдар;
5. кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеу.

Бұдан басқа, Корпорация клиенттердің өз міндеттемелерін орындамауынан болуы мүмкін залалдың мөлшерін анықтайды және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес резервтер құрады.


Корпорация бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына максималды лимиттер белгілеу арқылы кредиттік тәуекел деңгейін анықтайды. Лимиттерді белгілеген кезде контрагенттердің халықаралық рейтингтік агенттіктер берген кредиттік рейтингтері пайдала-

нылады, сондай-ақ қаржылық есептілік бойынша қолжетімді деректер негізінде қаржылық жай-күйді бағалау жүргізіледі. Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде кредиттік тәуекелді бағалау үшін Корпорация кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім қаржы активтерінің көлемі мен күрделілігіне қарай тиісті әдістеде ұсынылғандардың ішінен тиісті тәсілдерді айқындайды. Корпорация кредиттік тәуекелді бағалау үшін қолданатын негізгі әдіс – кредиттік тәуекелмен өлшенген активтер әдісі (RWA).

RWA қарыз алушыларға қойылатын талаптардың көлемінің тәуекел дәрежесіне көбейтіндісі ретінде есептеледі. Қарыз алушыларға қойылатын талаптар деп активтердің баланстық (әділ) құны түсініледі (есептелген, бірақ өтелмеген сыйақы ескеріліп, қалыптастырылған провизиялар шегеріліп, есептелген дисконтты немесе қаржылық құралды қайта бағалаудан түскен сыйлықақы ескеріліп).

Корпорация кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеуден резервті есептеу үшін ішкі капиталды есептеу шеңберінде әртүрлі сценарийлерді қолдана алады. Корпорация тоқсан сайын кредиттік тәуекелді бағалауды жүргізеді және Холдингтің қарауына Холдинг ресми хатында көрсеткен мерзімде ұсынып отырады.

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Корпорацияда Кредиттеу және тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуі ескерілетін бизнес-процестер бекітілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелер құрылды.





### Корпорациядағы кредиттік тәуекелдерді басқару

- құрылымдық бөлімшелердің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы
- өнім бағдарламаларының шарттарына және қарыз алушының/филиалдың рейтингіне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу
- тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау мақсатында кредиттік портфельді әртараптандыру
- сапаның нашарлауын ерте кезеңде анықтау үшін кредиттік портфельді мониторингтеу
- провизиялардың (ықтимал шығындарға арналған резервтердің) барабар деңгейін қалыптастыру

### Бизнес-тәуекел

Корпорация өзінің бизнес-процестерін жүзеге асыру кезінде түрлі тәуекелдерге ұшырау объектісі болып табылады. Бизнес тәуекелі Корпорацияның тұрақтылығы мен қаржылық нәтижелеріне әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Бизнес-тәуекел деп Корпорация қызметінің айтарлықтай пайда шығынына әкелуі мүмкін көлемінің күтілмеген қолайсыз өзгеруі түсініледі. Бизнес-тәуекелдің негізгі факторлары: нарық конъюнктурасының елеулі түрде нашарлауы, бәсекелестік ортаның өзгеруі, шығындар құрылымының өзгеруі және т.б.

Бизнес-тәуекелді бағалау тәуекелді пайданы (EaR) есептеу арқылы үнемі жүргізіледі, ол VaR көрсеткішімен алмастырыла алады және қалыпты нарық жағдайында сенім интервалы (99%) мен уақыт көкжиегі берілгенде шектен аспайтын ықтималды шығасылардың максималды мәні ретінде түсініледі.

Бизнес-тәуекел бойынша стресс-сценарийді модельдеу үшін тарихи және гипотетикалық сценарий әдісі қолданылады.

**Стресс-тестілеуді есептеу үшін 3 жыл құрайтын немесе одан да көпке созылатын кезеңмен келесі тоқсан сайынғы деректер пайдаланылады (n бақылаулар саны 30-дан асатындай):**

1. Корпорацияның таза кірісі;
2. USD/KZT айырбас бағамы;
3. Brent мұнайының бағасы;
4. инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі).

### Стратегиялық тәуекел

#### Корпорация стратегиялық тәуекелдерге ұшыраға бейімді, олар мынаны білдіреді:

- Корпорацияның/ЕҰ-ның даму стратегиясының Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі және Холдингің әлеуметтік-экономикалық даму болжамында, стратегиялық құжаттарында көрсетілген бюджеттік параметрлерге сәйкестігі бойынша өзекті болмау тәуекелі;
- қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізбеу нәтижесінде Корпорацияның / ЕҰ даму стратегиясын тиімсіз іске асыру тәуекелі.

Беделдік тәуекелді Корпорация/ЕҰ қызметінің клиенттер, контрагенттер, акционерлер, инвесторлар, кредиторлар, салалық талдаушылар, басқа мүдделі тұлғалар және реттеуші ұйымдар тарапынан теріс қабылдануы салдарынан туындайтын тәуекел ретінде анықтауға болады, бұл Корпорацияның/БҰ-ның өз қызметін қолдауға және жетілдіруге, сондай-ақ қаржыландыру көздеріне тұрақты қол жетімділікті қамтамасыз ету қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін.

### Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жетістіктер

1. 2022 жылы Корпорацияда 2019-2021 жыл аралығы кезеңіндегі корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша «тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» компонентінің қорытынды рейтингі 90% құрады;
2. Корпорацияның рейтингі мен болжамы BBB- «тұрақты» деңгейінде расталды (10.11.22);
3. ҚР ҰБ-ға 2022 жыл ішінде есептер уақтылы жолданды, ТМД құзыреті шеңберінде мәліметтердің шынайы еместігі фактілері айқындалған жоқ;
4. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау моделінің компоненттерін валидациялау және сыртқы консалтингпен модельдерді калибрлеуді қоса алғанда, күтілетін кредиттік залалдарды есептеу әдіснамасын жетілдіру жүргізілді, оның қорытындысы бойынша Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне тиісті түзету өзгерістері мен толықтырулар енгізілді. Әдістеме қазіргі уақытта реттеушіде келісілуде;
5. «Агроөнеркәсіптік кешенді онлайн-кредиттеу» мен BPM жүйелерін интеграциялау іске асырылды;
6. Жобалардың тәуекелдерін бағалаудың және қарыз алушыларға кредиттік рейтинг берудің ішкі жүйесі қайта қаралды.
7. Тәуекел мәдениетін арттыру шеңберінде Корпорацияда провизияларды қалыптастырудың негізгі қағидаттары және оларды төмендету жолдары бойынша, жобаларды қарау және кредиттік тәуекелдерді бағалау кезіндегі жүйелік қателіктер бойынша оқыту жүргізілді.
8. Филиалдардың кредиттік комитеттерінің дербес қаржыландыру бойынша жаңа лимиттері, орталық аппараттың кредиттік комитеттерінің лимиттері қайта қаралды және бекітілді.

## **Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару**

GRI 418-1

Қоғамда Ақпараттық қауіпсіздік қызметі (бұдан әрі – АҚҚ) жұмыс істейді, ол Қауіпсіздік департаментінің құрамына кіреді және Департаменттің директорына есеп береді. АҚҚ-ның қызметі Корпорацияның Директорлар кеңесінің 22.05.2020 № 7 шешімімен бекітілген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ақпараттық қауіпсіздік саясатымен реттеледі.

АҚҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларына және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ұсынымдарына сәйкес құпия ақпараттың жария болуына жол бермеу, Корпорацияның ақпараттық жүйесін қорғау жүйелерін жақсарту және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша іс-шараларды үнемі жүргізеді. Корпорация қызметкерлері құпия ақпараттың сақталуына дербес жауапты болады және көрсетілген талаптарды орындауға міндетті.

Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін барынша азайту жоспарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерінің деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шаралар жыл сайын өткізіледі. Сондай-ақ, құпия ақпараттың жария болуына жол бермеу жүйесі жұмыс істейді, ол мұндай жағдайларды жедел айқындауға және оның алдын алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыру үшін АҚҚ жыл сайын Корпорация қызметкерлері үшін тренингтер

өткізеді, содан кейін олардың «ақпараттық қауіпсіздік саясаты» бойынша білімдерін тестілеу арқылы тексереді.

Сондай-ақ, ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қолжетімділікті болдырмау мақсатында ақпараттық жүйені үнемі мониторингтеу жүзеге асырылады. Корпорацияның ақпараттық жүйесіне қол жеткізу жөніндегі өтінімдер осындай қолжетімділіктің қажеттілігі мен дұрыстығына көз жеткізу үшін көп деңгейлі келісуден және тексеруден өтеді.


## **Бедел тәуекелін басқару**

**Корпорациядағы беделдік тәуекелді басқару корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен аудит жүйелерін тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Осы жүйелер шеңберінде мыналарға бағытталған ішкі құжаттар бекітіледі:**

- Ішкі және сыртқы ортаға сәйкес Корпорация қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету.
- Корпорацияның мүдделі тараптармен қарым-қатынасында ашықтықты, есептілікті және іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету.
- Корпорацияның Корпорация қызметіне сенімін арттыру, сапалы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру, БАҚ-пен және жұртшылықпен өзара ықпалдасу.

## 5.4. ● Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау Компанияның мақсаттарына қол жеткізілуін орынды кепілдендіру мақсатында Директорлар кеңесі, Басқарма, құрылымдық бөлімшелер және Компания қызметкерлері жүзеге асыратын процесс ретінде анықталады. Корпорацияның ішкі бақылау жүйесі COSO «Ішкі бақылау – интеграцияланған модель» моделіне сәйкес құрылады және келесі өзара байланысты компоненттерден тұрады:



### ІБЖ негізгі принциптері:


- компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ішкі бақылау процесіне қатысуы, ішкі бақылаудың күнделікті қызмет ретінде басқарудың барлық деңгейлерінде ұйымдастырылуы;
- қызметтің және бизнес-процестердің барлық бағыттарын ішкі бақылаумен қамту және Компания қызметінің және бизнес-процестерінің барлық бағыттары бойынша ішкі бақылау рәсімдерін регламенттеу;
- ішкі бақылауды тұрақты негізде жүзеге асыру (үздіксіздік).

Компаниядағы ішкі бақылау жүйесінің маңызды элементі бизнес-процестерді реттеу болып табылады. Оған құрылымдық бөлімшелер тарапынан процесс қозғалысының толық сипаттамасы, нәтижелер тізімі,

бақылау нүктелері, аяқталу нысандары, қатысушылар және олардың жауапкершілігі және басқа аспектілер кіреді.

Бизнес-процестердің иелері өзектендіру, ішкі бақылауды жетілдіру, мүдделер қақтығысын болдырмау (болған жағдайда) қажеттілігін айқындау, сондай-ақ сәйкессіздіктерді және бизнес-процестерді регламенттеу/ресімдеу жеткіліксіздігін анықтау мақсатында жыл сайын ішкі нормативтік құжаттарды талдайды. Осыдан кейін ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітіледі.

Ішкі бақылауды басқару үшін Корпорацияда комплаенс-бақылау қарастырылған. Ол ҚР заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және ішкі нормативтік құжаттардың талаптары сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.





# 6. Корпоративтік бақылау

GRI 2-9

ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ  
ҚҰТ МЕКЕН!

Корпорация корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, беделді нығайту және капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады

**13,7**  
млрд теңге

2022 жылы төленген  
дивидендтер сомасы



**21**  
отырыс

2022 жылы Директорлар  
кеңесінің мүшелері  
өткізді



**133**  
мәселе

Директорлар кеңесінің  
мүшелерінің отырысында  
қаралды



6.

# Корпоративтік бақылау

GRI 2-9

6.1. ● **Корпоративтік басқару жүйесі**

Корпорацияның Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына мыналар жатады:



Корпорация корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, беделін нығайту және капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және қызметтің табысты болуына, соның ішінде Корпорация құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты сақтауға ықпал етеді.

## 6.2. ● Корпорацияның орталық аппаратының ұйымдық құрылымы

GRI 2-1

Корпорацияның ұйымдық құрылымы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі отырысында қайта қаралды.


Корпорацияның штат саны 731 бірлік құрайды, оның ішінде орталық аппаратта – 209 бірлік және филиалдарда – 522 бірлік.





Топырағы құнарлы құт мекен!





## Корпорацияның орталық аппаратының ұйымдық құрылымы





Топырағы құнарлы құт мекен!



### 6.3. ● Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестік

Корпорацияның 2022 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 3 мамырдағы шешімімен бекітілген (№4 хаттама) және Корпорацияда Корпоративтік басқару кодексінің 6 негізгі қағидаты сақталып отырғанын растайды:

1. **Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты** – Корпорация Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді және Корпорацияның қызметінің тиімді болуына, соның ішінде Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және Корпорацияның қаржылық тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді;
2. **Директорлар кеңесін және Корпорацияны тиімді басқару қағидаты** – Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Корпорацияның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, шыншылдық, дәлдік және өз құзыреті шегінде жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Басқарма Корпорацияның даму стратегиясын іске асыру және міндеттерді орындау мақсатында Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары заңдылық, шыншылдық, адалдық, парасаттылық, жүйелілік болып табылады;
3. **Корпорацияның дербес қызмет принципі** – Корпорация өз қызметін дербес жүзеге асырады;
4. **Корпорацияның қызметі туралы ақпаратты ашудың мөлдірлігі мен объективтілігі қағидаттары** – Корпорация Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Корпорацияның қызметі туралы ақпаратты мүдделі тараптардың назарына жеткізу мақсатында Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында Корпорация туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы және басқару туралы шынайы ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді;
5. **заңдылық және этика қағидаттары** – Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына, Жарғыға, осы Кодекстің ережелеріне және өзінің шарттық міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте әрекет етеді;
6. **мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілік қағидаты** – Корпорация барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді және өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осындай тұлғалармен ынтымақтастыққа ұмтылады. Мүдделі тараптар өз құқықтарының бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өтемақы алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда, оның

елеулі, жеткілікті және сенімді ақпаратқа уақтылы және ұдайы негізде қолжетімділігі болуы тиіс. Мүдделі тараптар Басқарманың заңнаманы немесе ішкі нормативтік құжаттарды

бұзғаны туралы Директорлар кеңесіне еркін хабарлау мүмкіндігіне ие болы тиіс және мұндай хабарлама болған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауы тиіс.

#### 6.4. ● Жалғыз акционер

GRI 2-10

**Корпорацияның жалғыз акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.**

Холдинг ел экономикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру жөніндегі негізгі оператор болып табылады.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Корпорацияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады, онда Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және оның мүдделерін қозғайтын қызмет туралы ақпарат берудің тәртібі, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексімен өзара ықпалдасуы белгіленіп көрсетілген.

Жалғыз акционердің маңызды функцияларының қатарына Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, сыртқы аудиторды, жылдық қаржылық есептілікті бекіту жатады.

**2022 жылы Директорлар кеңесі Корпорацияның Жалғыз акционерінің құзыретіне кіретін келесі мәселелерге бастамашылық жасады:**

1. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысына толықтырулар енгізу туралы мәселені мақұлдау және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы.
2. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы» мәселені жаңа редакцияда мақұлдау және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына» шығару туралы.
3. «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы, 2021 жылдың қорытындысы бойынша алынған таза табысты бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2021 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту, Жалғыз акционердің «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне қатысты өтініштері жөніндегі ақпаратты қарау, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстар енгізу туралы.

4. «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы» мәселені алдын ала қарау және Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы.
5. «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын: «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар

кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

6. «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының 2021 жылғы жылдық есебін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау және «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы.

#### 6.4. ● Корпорацияның дивидендтік саясаты

Корпорацияның дивидендтер төлеудің мақсаттарына, қағидаттарына, мөлшеріне, нысанына, мерзімдері мен тәртібіне қатысты саясаты Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 11.10.2021 ж. шешімімен бекітілген Дивидендтік саясат туралы ережеде айқындалған.


Дивидендтер төлеу Корпорацияның таза пайдасын бекітілген Даму стратегиясы негізінде бөлу және қайта инвестициялау, сондай-ақ Корпорацияның Директорлар кеңесінен келіп түскен ұсыныстар ескеріле отырып, олардың қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындыларын шығару жұмысының шеңберінде жүзеге асырылады.

#### Корпорацияның дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Холдингінің Жалғыз акционерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша Холдингінің төлемдер мен шығындарды жүзеге асыру қажеттігі қағидаты;
- Холдинг қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобалар қызметінің жаңа түрлерін қаржыландыруды қоса алғанда, Холдинг қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттігі қағидаты;
- Корпорацияның даму, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін дамыту бойынша шығындарын қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

**Корпорацияның Жалғыз акционерінің шешімдеріне сәйкес 2019-2022 жылдары Жалғыз акционерге төленген дивидендтер мөлшері туралы ақпарат:**

### Соңғы 3 жылда төленген дивидендтер туралы мәліметтер, млрд теңге



2022 жылы дивидендтер төлеуге 13 677 185 054,40 теңге мөлшеріндегі сома бағытталған.

### Акционерлік капиталдың құрылымы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның жарғылық капиталы 401 836 884 мың теңге құрайды.

Қоғамның жай акцияларының 407 059 079 данасына дивидендтер мөлшері бір акцияға 33,60 теңге құрайды.

Төленген дивидендтер, млрд теңге

### 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік капитал құрылымы

Ұстаушының атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, %-бен үлесі	Айрықшаланған акциялар	Акцияның барлығы, соның ішінде:		Акцияның барлығы, %-бен үлесі
				жарияланған, дана	орналастырылған, дана	
«Бейтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ	407 059 079	100,00	-	-	407 059 079	100,00

6.6.

### ● Директорлар кеңесі

GRI 2-10,2-19,2-20

Корпорацияның Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе Корпорация Жарғысында Корпорация-

ның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Корпорацияның қызметіне жалпы басшылықты және Корпорация-

**ның атқару органын бақылауды жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Ол сондай-ақ орнықты дамудың енгізілуіне стратегиялық басшылық пен оны бақылау үшін жауап беріп, келесі мәселелерге баса назар аударады:**

- Корпорацияның даму стратегиясын, соның ішінде бағыттар мен нәтижелерді анықтау.
- Даму жоспарында негізгі қызметтік көрсеткіштерді белгілеу және оларды мониторингілеп отыру.
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау.
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингілеу.
- Сайлау, сыйақы төлеу, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма қызметін қадағалау.

Корпорацияның Директорлар кеңесі өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, Корпорация Жарғысына, Корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне, Жалғыз акционердің шешімдеріне және Корпорацияның басқа да құжаттарына сәйкес, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілдік ететін Жалғыз акционердің мүддесі үшін минималды заңнамалық, қаржылық және беделдік тәуекелдермен АӨК субъектілерін қаржыландыру бойынша алға қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің біліктілігі, олардың іс-тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері бойынша теңгерімді болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару, сондай-ақ құқықтану саласында мінсіз іскерлік беделдері, білімдері, дағдылары мен іс-тәжірибелері бар.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 7 адамнан тұрады, олардың ішінде 3 мүше (50%) тәуелсіз директор болып табылады. Бұл қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және Компанияның мүдделеріне сәйкес барлық мүдделі тараптарға әділ қарауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Тәуелсіз директорларды таңдаудың басым критерийі тараптардың ықпалынсыз объективті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби шеберлік пен дербестік болып табылады. Тәуелсіз директорлар үздік әлемдік іс-тәжірибе стандарттарын Корпорацияда қолдану үшін өз тәжірибелерімен және білімдерімен белсенді түрде бөліседі. Олар Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқарып, басқарудың халықаралық тәжірибесін ендіруде. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысыорын алуы мүмкін қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мәмілелер жасасу, атқару органына кандидаттар ұсыну және атқару органы мүшелерінің сыйақысын анықтау сияқты мәселелерді талқылауға белсенді қатысады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Корпорацияның тәуелсіз директорлары тәуелсіздік критерийлеріне толық сәйкес келді.



**АЙДАПКЕЛОВ  
НҰРБОЛАТ  
СЕРФАЛИҰЛЫ**

1979 жылы 22 шілдеде туған

### Білімі:

- **2000 жылы** Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген.
- **2002 жылы** Қазақ гуманитарлық-заң университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірді, «заңгер» біліктілігі берілген.

**2022 жылғы 1 ақпаннан бастап** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің Төрағасы – «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің өкілі болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:


- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары.
- «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің төрағасы.
- «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің өкілі.

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2016 жылғы мамырдан бастап 2020 жылғы қазан аралығында** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы.
- **2020 жылғы қазаннан бастап 2022 жылғы қаңтар аралығында** – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысы
- **2022 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін** – «Бәйтерек» Ұлттық

басқарушы холдингі» АҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары.

*Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*







**СОН  
ВЯЧЕСЛАВ  
ВЛАДИМИРОВИЧ**

1982 жылы 14 қаңтарда туған

### Білімі:

- **2002 жылы** Қазақ гуманитарлық заң университетін бітіріп, «заңгер» біліктілігі берілді;
- **2002 жылы** Қазіргі заманғы гуманитарлық университетті бітіріп, «Лингвистика» біліктілігі берілді;
- **2008 жылы** Халықаралық бизнес университетін бітіріп, «Қаржы және кредит» біліктілігі берілді.
- University of London (Ұлыбритания) бітірген, «Коммерциялық және корпоративтік құқық» мамандығы бойынша құқық магистрі (LLM).

**2022 жылғы 23 ақпанда** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің

шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционерінің өкілі болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқарушы директоры.
- **2022 жылғы 16 ақпаннан бастап** «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционерінің өкілі.
- **2022 жылғы 22 сәуірден бастап** «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционерінің өкілі болып қайта сайланды.

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2009 жылдан бастап 2012 жыл аралығында** – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры;
- **2012 жылдан бастап 2013 жыл аралығында** – Қа-

зақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қазспецэкспорт» РМК аппарат басшысы, бас директорының орынбасары;

- **2013 жылдан бастап 2017 жыл аралығында** – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының аудит және бақылау департаментінің директоры;
- **2017 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытта** – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқарушы директоры.

*Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



КӨШКІМБАЕВ

НИЯЗ

ЖЕҢІСҰЛЫ

1979 жылы 5 қыркүйекте туған

### Білімі:

- 2001 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «электрмен жабдықтау және электрлендіру» мамандығы бойынша бітірген.
- 2002 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген.

**2022 жылғы 30 маусымда** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің өкілі болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:


- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқарушы директоры;
- «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі.

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- Өндірісте, экономика және қаржы саласында мемлекеттік қызметте жұмыс істеді.
- 2017 жылдан бастап 2020 жыл аралығында – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасары;
- 2020 жылдан бастап 2022 жыл аралығында – ҚР Ұлттық статистика бюросының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі басшысының орынбасары;
- 2022 жылғы маусым айынан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.

*Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ*

*«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*





**БИРТАНОВ  
ЕСЖАН  
АМАНТАЙҰЛЫ**

1975 жылы 1 шілдеде туған

### Білімі:

- **1992 – 1993 жылдары** Түркияда, Анкара университетінде «түрік тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша оқыды;
- **1997 жылы** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірген;
- **1998 жылы** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасын «Экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірген (магистр);
- **2002 жылы** «Тұран» университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген;
- **2002 жылы** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасын бітірген (аспирант);

- **2014 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында** М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде біліктілікті арттыру курстарынан өтті, мамандануы – «Басқару менеджменті».

**2022 жылғы 20 шілдеде** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:

- **2022 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытта** – «Фридом Финанс Иншурэнс» СК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **2022 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытта** – «Фридом Финанс Жизнь» СК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- Қаржылық қызметтерді реттеу және ұсыну саласын-

да басшылық қызметтер атқарды.

- **2016 жылдан бастап 2017 жыл аралығында** – «ҚР Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы;
- **2018 жылдан бастап 2019 жыл аралығында** – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры;
- **2019 жылдан бастап 2021 жыл аралығында** – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» АҚ Төрағасының орынбасары;
- **2021 жылдан бастап 2022 жыл аралығында** – төрағаның орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің басшысы.

*Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



ТӨЛЕШОВ

ЯХИЯ

ЖАҢАБАЙҰЛЫ

1974 жылы 1 қаңтарда туған

### Білімі:

- 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Механика және қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітірген (маман);
- Стэнфорд университетінің Стэнфорд кәсіптік оқыту орталығында IPS және жобаларды жетілдірілген басқаруға бағытталған кәсіптік оқыту бағдарламасы бойынша оқытудан өтті.

**2022 жылғы 20 шілдеде** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:

- «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.


### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- Қаржы қызметтерін реттеу саласында басшылық лауазымдарда жұмыс істеді;
- 2016 жылдан бастап 2017 жыл аралығында – «Самұрық Қазына Бизнес Сервисиз» ЖШС сервистік шешімдер бағытының басшысы;
- 2019 жылдан бастап 2020 жыл аралығында – жоба жетекшісі және «Kazakh Invest» ЖШС басқармасы төрағасының кеңесшісі;
- 2020 жылдан бастап 2021 жыл аралығында – «Электрондық қаржы орталығы» АҚ басқарушы директоры, басқарма мүшесі;
- 2022 жылғы қаңтар – сәуір айлары аралығында – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» АҚ қаржы технологиялары департаменті директорының міндетін атқарушы;
- 2022 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытта –

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ Басқармасы Төрағасының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары.

*Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

Топырағы құнарлы құт мекен!





**МӘДИЕВ  
СЕРЖАН  
НҰРАХАНҰЛЫ**

1983 жылы 23 қаңтарда туған

### Білімі:

- 2001 жылдан бастап 2002 жыл аралығында АҚШ-тың Висконсин университетінде «Ақша және банк ісі» мамандығы бойынша оқытудан өтті;
- 2005 жылы Еуразия ұлттық университетін «Халықаралық қаржы» мамандығы бойынша бітірді (үздік диплом);
- 2006 жылдан бастап 2007 жыл аралығында Ұлыбританияда Warwick Business School-да «Қаржы» мамандығы бойынша оқытудан өтті (магистратура).
- Сертификатталған қаржылық талдаушы (2011-2013, CFA charterholder).

**2022 жылғы 26 сәуірде** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- Банк және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеді.
- 2014 жылдан бастап 2016 жыл аралығында – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры;
- 2016 жылдан бастап 2018 жыл аралығында – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқармасының төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2018 жылдан бастап қазіргі уақытта «Documentolog» ЖШС Бас директорының қаржы жөніндегі орын-

басары; «Smart Capital Management» ЖК құрылтайшысы, директоры.

*Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



ӘШІРБЕКОВ

АЛМАТ

БҮРКІТБАЙҰЛЫ

1986 жылы 10 қыркүйекте туған

### Білімі:

- **2008 жылы** Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген, бакалавр;
- **2020 жылы** «Синергия» Мәскеу қаржы-өнеркәсіп университетін «Іскерлік әкімшілендіру шебері (МВА)» - Стратегиялық менеджмент біліктілігі бойынша бітірді.

**2022 жылғы 31 қаңтарда** «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы Басқармасының Төрағасы және

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

### Басқа атқаратын лауазымдары:


- «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2017 жылдан бастап 2019 жыл аралығында** - «Қаз-АгроҚаржы» АҚ Оңалту және проблемалық жобалар департаментінің директоры;
- **2019 жылдан бастап 2021 жыл аралығында** - «Қаз-АгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры - Басқарма мүшесі;
- **2021 жылдан бастап 2022 жыл аралығында** - «Қаз-АгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- **2022 жылғы 31 қаңтардан бастап** - «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқармасының Төрағасы.

Иелігінде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік

қоғамының, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



### Тағайындау және іріктеу

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысының 27-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындаумен, оның мүшелерін сайлаумен, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатумен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақының және шығыстық өтемақының мөлшері мен төлеу шарттарын айқындаумен байланысты мәселелер Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу процесін Жалғыз акционер жүзеге асырады.

2022 жылы Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды.

### Сайланғандар:

- **Айдапкелов Н.С.**, Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің 2022.02.01 № 06/22 шешімі;
- **Сон В.В.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің 2022.02.23 № 11/22 шешімі;
- **Көшкімбаев Н.Ж.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің 2022.06.30 № 28/22 шешімі;
- **Әшірбеков А.Б.**, Корпорация Басқармасының төрағасы, Жалғыз акционердің 2022.01.28 № 05/22 шешімдері;

- **Біртанов Е.А.**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 2022.07.20 № 30/22 шешімі;
- **Мәдиев С.Н.**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 2022.04.26 № 19/22 шешімі;
- **Төлешов Я.Ж.**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 2022.07.20 № 30/22 шешімі.

### Директорлар кеңесінің комитеттері

#### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ КОМИТЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды (даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері, корпоративтік даму мәселелері, оның ішінде орта- және ұзақмерзімді болашақта Корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға, оның қызметінің рентабельділігі және орнықты даму мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау үшін құрылған.

ТАӨ	Лауазымы
Мәдиев Сержан Нұраханұлы	Комитет Төрағасы
Біртанов Есжан Амантайұлы	Комитет мүшесі
Төлешов Яхия Жаңабайұлы	Комитет мүшесі

### АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет Директорлар кеңесіне Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу бойынша, сыртқы және ішкі аудит пен Комплаенс қызметінің тәуелсіз болуын бақылау бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды ұстану бойынша, сондай-ақ қызметтің (дамудың) басым бағыттарын әзірлеу және Қоғамда тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуі, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау арқылы Корпорацияның Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылды.

ТАӘ	Лауазымы
Біртанов Есжан Амантайұлы	Комитет төрағасы
Төлешов Яхия Жаңабайұлы	Член комитета
Мәдиев Сержан Нұраханұлы	Член комитета

### КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КОМИТЕТІ

Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын кадрлық саясат, тағайындаулар мен сыйақы жүйесі бойынша мәселелерді тереңінен пысықтау және мониторингтеу

арқылы Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру үшін, сондай-ақ Корпорацияның Директорлар кеңесінің, Корпорация Басқармасының қызметін жалпы және олардың мүшелерінің қызметін жеке-жеке бағалау, Басқарманың төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және корпоративтік хатшының қызметін бағалау үшін құрылған.

ТАӘ	Лауазымы
Төлешов Яхия Жаңабайұлы	Комитет төрағасы
Мәдиев Сержан Нұраханұлы	Комитет мүшесі
Біртанов Есжан Амантайұлы	Комитет мүшесі

### Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіби шеберлік, парасаттылық және сақтық, шыншылдық пен объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

### ДК және оның Комитеттерінің өткізілген отырыстарының саны

Директорлар кеңесі	
Күндізгі отырыс	9
Сырттай отырыс	12
Директорлар кеңесінің комитеттері	
Отырыс	44
Қатысу	99,7%






Директорлар кеңесінің барлығы 21 отырысы өткізілді, оған Директорлар кеңесінің мүшелері қатысты. Директорлар кеңесінің бір мүшесі еңбек демалысында болғаны себепті, төрт отырысқа ДК мүшелері толық қатысқан жоқ (21 мү-

шесінің 20-сы қатысты). Алайда, осыған қарамастан, кворум сақталды, бұл шешім қабылдауға және қажетті пікірталастар өткізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің Комитеттерінің 44 отырысы өткізілді.

### Директорлар кеңесінде қаралған мәселелер (барлығы 133 мәселе)



**15 мәселе** : Басқарма құрамы, Басқарма қызметін бағалау және т. б.

**18 мәселе** ДК төрағасын сайлау, ДК және оның Комитеттерінің қызметі бойынша ВНД бекіту

**40 мәселе** Корпорация қызметі бойынша өзге де мәселелер

**40 мәселе** ішкі аудит қызметінің, комплаенс қызметінің, корпоративтік хатшының қызметі бойынша мәселелер

### Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Корпорацияның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері жыл сайын бағаланады. 2022 жылы олардың қызметін анонимді сауалнама жүргізу арқылы ішкі күштер бағалады. Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің жұмысының тиімділігіне оң баға берілді.

### Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы

Корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан Корпорация үшін күтілетін оң нәтиже назарға алынуы тиіс. Егер заңнамада, Корпорацияның және олар жұмыс істейтін ұйымдардың норма-

тивтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, тәуелсіз директорларға сыйақы Корпорацияның Жалғыз акционерінің шешімінің негізінде төленеді. Корпорация Басқармасы-

ның төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды. Тір келген жылдық сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады.

Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде тәуелсіз директор дауыс берген шешімімен Корпорацияға залал келтіру фактісі анықталған жағдайда, сыйақы төленбейді.

## 6.7. ● Басқарма

GRI 2-11, 2-19, 2-20, 2-21, 405-1

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысына сәйкес, Басқарма Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган болып табылады және тек қана Корпорация мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мүддесінде әрекет етеді.

Басқарма Корпорация қызметінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және Корпорация Жарғысымен басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңнамамен және Корпорация Жарғысымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына 4 мүше кіреді:



ӨШІРБЕКОВ А.Б.

Басқарма  
Төрағасы;



ТӨЛЕГЕНОВ Р.К.

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;



САПУЛАТОВ К.К.

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;



НӘБИЕВ М.Е.

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;

### 2022 жыл ішінде Корпорация басқармасының құрамында мынадай өзгерістер болды:

#### Сайланғандар:

- **Әшірбеков А.Б.** – Корпорация Басқармасының төрағасы, Корпорацияның Жалғыз акционерінің 2022.01.28 № 05/22 шешімі;
- **Сапулатов К.К.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 2022.02.15 № 3 шешімі;
- **Төлегенов Р.К.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.02.15 № 3 шешімі;
- **Нәбиев М.Е.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.11.28 № 19 шешімі.

#### Өкілеттігі тоқтатылғандар:

- **Әбенев А.Ж.** – Корпорация Басқармасының Төрағасы, Корпорацияның Жалғыз акционерінің 2022.01.26 № 04/22 шешімі;
- **Әлиев А.К.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.02.14 № 2 шешімі;
- **Жауымбаев К.С.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ

Директорлар кеңесінің 2022.02.14 № 2 шешімі;

- **Кенжебаева А.Р.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.02.14 № 2 шешімі;
- **Жанчурин К.С.** – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.02.14 № 2 шешімі;
- **Джувашев А.Б.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.10.03 № 16 шешімі;
- **Карнакова Н.Ш.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.11.28 № 19 шешімі;
- **Омаров Ж.Д.** – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.12.29 № 21 шешімі.

#### Басқарма қызметі туралы есеп:

Басқарма қызметінің мақсаты Корпорацияның даму стратегиясы мен даму жоспарын тиімді іске асыру болып табылады.

#### Басқарма қызметінің негізгі міндеттері:

1. Корпорацияның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін сапалы және уақтылы орындау;
2. Корпорацияның ағымдағы қызметінің Корпорацияның даму стратегиясының

және даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету;

3. Корпорацияның активтерін, міндеттемелерін және капиталын тиімді басқару;
4. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету.

#### **Басқарма қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:**

1. Мәлдірлік пен ашықтық;
2. Жауапкершілік және есеп беру;
3. Міндеттерді объективті түрде бөлу;
4. Операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту;
5. Кешенділік және жүйелілік;
6. Ұдайы даму және жетілу;
7. Икемділік;
8. Бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз тұстарын уақтылы анықтау және оларға уақтылы ден қою;
9. Басқарма қызметі салаларының басымыдығы;
- 10.Технологиялық;
11. Қызметкерлердің құзыреттілігі;
- 12.Рәсімдердің құжатталғандығы;
- 13.Ақпараттың шынайылығы мен толықтығы.

**2022 жылы Басқарманың 108 отырысы өткізілді, олардың ішінде 83 отырыс күндізгі, 25 отырыс сырттай түрде өтті. 2022 жылы Басқарма 539 мәселе қарады.**

#### **Қарастырылған негізгі мәселелер блоктары:**

- Ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының, Комплаенс қызметінің, омбудсменнің мәселелерін қоспағанда, Жалғыз акционерге және Директорлар

кеңесіне шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

- бекітілген даму жоспары шеңберінде жылдық бюджетті бекіту;
- қызметкерлердің Директорлар кеңесі бекіткен жалпы санының шеңберінде штаттық кестені және ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте жаңа бизнес-процестер және (немесе) қызмет бағыттары пайда болған және (немесе) қолданыстағылардан бас тартылған; мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін қайта ұйымдастыру, өзгерістер, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекіту немесе қолданыстағыларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, ұйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір реттен артық емес өзгертуге жол беріледі;
- Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- бекітілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Корпорацияның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданып ішкі құжаттарды бекіту;
- Корпорация қызметкерлеріне (Басқарма Төрағасы мен мүшелерін, ішкі аудит қызметін, Корпорацияның корпоративтік хатшысын, Комплаенс қызметінің басшысын қоспағанда) еңбекақы төлеу, сыйақы, әлеуметтік қолдау көрсету туралы Ережені, сондай-ақ лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту;

- Корпорация басқармасы жанындағы комитеттерді (комиссияларды) құру, құрамын анықтау, олар туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;
- Корпорацияның міндеттемелерін Корпорацияның меншікті капиталы мөлшерінің екіден бастап он пайызына дейінгі мөлшерде ұлғайту және Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда Корпорацияның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, өзге де мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
- Корпорацияның басқа органдары мен Корпорацияның лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Корпорация қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

күрделілігі және адамдар атқаратын лауазым ескерілетін сараланған жеке тәсілге негізделген. Сыйақы жылына бір рет төленеді және оның мөлшері қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелеріне және Директорлар кеңесінің олардың жұмысына берген бағасына байланысты болады.

**Корпорацияның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметтерін бағалау және сыйақы беру ережелеріне сәйкес, Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидаттары келесі кезеңдерді қамтиды:**

1. Қызметтің негізгі көрсеткіштері мен жоспарлы мәндерін анықтау.
2. Қызметтің негізгі көрсеткіштерін бекіту.
3. Қызметтің қол жеткізілген негізгі көрсеткіштерінің нәтижелерін есептеу және бекіту.

### **Басқарма мүшелеріне сыйақы**

Корпорацияның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, олардың қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидаларын Корпорацияның Директорлар кеңесі бекітеді. Сыйақы орындалатын жұмыстың

Басқарма мүшелерінің 2022 жылғы сыйақысының жалпы сомасы 193,4 млн теңге құрады. Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақыға жалақы, әлеуметтік қамсыздандыру аударымдары, әлеуметтік салық, МӘМС аударымдары және ерікті медициналық сақтандыру кіреді.



## 6.8. ● Корпорацияның комитеттері

GRI 2-6

### КРЕДИТТІК КОМИТЕТТЕР

Комитеттің негізгі мақсаттары: Корпорацияның кредиттік саясатын тиімді іске асыру, заңнаманың және Корпорацияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға және орындауға сәйкес тәуекелдің және кредиттік портфельдің табыстылығының теңгерімді арақатынасын қамтамасыз ету болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті кредиттеу мәселелерін Корпорацияның мүдделерін ескере отырып, жан-жақты, объективті және білікті қарау негізінде салмақты кредиттік саясат жүргізу, несие портфельінің жай-күйін бақылап отыру болып табылады.

Комитет Корпорацияның жоғары тұрған органдарының құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Корпорацияның өзінің кредиттік қызметін Корпорацияның Басқармасы бекітетін Өкілеттік лимиттерінің тізілімі шеңберінде жүзеге асырумен байланысты кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

**Кредиттік процесті оңтайландыру мақсатында Корпорацияда жеке өкілеттіктері бар, ішкі кредиттік саясатты жүзеге асыратын мынадай алқалы органдар/лауазымды тұлғалар ұйымдастырылған:**

1. Үлкен кредиттік комитет (ҮКК);
2. Кіші кредиттік комитет (ККК);
3. Филиалдың кредиттік комитеті (ФКК);
4. Жеке өкілеттіктері бар лауазымды тұлғалар.

**Кредиттік комитеттің ұйымдық құрылымы:**

1. Кредиттік комитеттің төрағасы;
2. Кредиттік комитеттің мүшелері;
3. Кредиттік комитеттің хатшысы (шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығы жоқ).

Ішкі кредиттік саясатты жүзеге асыратын алқалы органдар шешімдерді өкілеттік лимиттеріне сәйкес қабылдайды.

Кредиттік комитеттердің жұмысы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

**2022 жылы ҮКК 105 отырыс өткізіп, 558 кредиттік хаттама шығарды, ККК – 104 отырыс өткізді, 589 кредиттік хаттама шығарды.**

### ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы, консультативтік – кеңесші орган болып табылады, ол тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу процесін үйлестіреді/ұйымдастырады. Комитет оған Басқарма берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Комитет қабылдаған барлық шешімдер Басқарма үшін ұсынымдық сипатта болады.

**Комитет Басқармаға келесі мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылады:**

1. тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуі, оны ұйымдастыру

және қолдау мәселелерін тереңдете пысықтау;

2. тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторингтеуді жүзеге асыруға арналған процестерді дамыту;
3. тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, тәуекелдерді басқару мәдениетін (тәуекел-мәдениетті) енгізу және дамыту.

Комитет Басқарманың шешімі бойынша құрылады. Комитеттің құрамы 9 (тоғыз) адамнан тұратын болып айқындалады. Комитеттің дербес құрамы Корпорация Басқармасы Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

#### **Комитетті Корпорация Басқармасының мүшесі басқарады және оның құрамына келесі тұлғалар кіреді:**

1. Комитет төрағасы – Басқарма төрағасының орынбасары, Кепілмен қамтамасыз ету департаментінің қызметін үйлестіретін Басқарма мүшесі;
2. Комитет төрағасының орынбасары – Басқарма Төрағасының орынбасары, Кредиттеу департаментінің қызметін үйлестіретін Басқарма мүшесі;
3. Комитет мүшелері: Цифрландыру департаментінің қызметін үйлестіретін басқарушы директор және бірқатар департаменттердің басшылары.

#### **2022 жылы Комитеттің 1 отырысы өтті.**

#### **БЮДЖЕТТІК КОМИССИЯ**

Бюджеттік комиссия – Корпорацияның тұрақты жұмыс істейтін органы, Корпора-

ция Басқармасы Төрағасының бұйрығы негізінде құрылады, Корпорацияның бюджеттік жоспарлау процесін іске асыруды үйлестіреді.

Корпорацияның бюджеттік комиссиясының қызметінің негізгі мақсаттары Корпорацияның Даму жоспарын әзірлеу/түзету кезеңінде бюджеттік жоспарлау процестерін қамтамасыз ету, сондай-ақ Корпорацияның Даму жоспарының орындалуын мониторингтеуді қамтамасыз ету болып табылады.

#### **Бюджеттік комиссияның негізгі міндеттері:**

1. Корпорацияның Даму жоспарының кіріс және шығыс бөліктерін әзірлеу/түзету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
2. белгіленген мақсаттарды, міндеттерді, Корпорацияның Даму стратегиясында және өзге де құжаттарында белгіленген негізгі қызмет көрсеткіштерін ескере отырып, қажетті көрсеткіштерді оларды жоспарлаудың белгілі бір кезеңінде қолдану үшін қарауға енгізу/ұсыну;
3. Корпорацияның Даму жоспарын әзірлеу/түзету нәтижелерін оларды Корпорация Басқармасының қарауына шығарар алдында қарау;
4. есепті кезеңде Корпорацияның Даму жоспарын орындау бойынша ұсыныстар әзірлеу;
5. Корпорацияның Даму жоспарын есепті кезеңде мониторингтеу нәтижелерін оларды Корпорация Басқармасының қарауына шығарар алдында қарау.

Корпорацияның бюджеттік комиссиясы Басқарма Төрағасының бұйрығымен қалыптастырылады.

**Бюджеттік комиссияның құрамы:**

1. Комиссия төрағасы;
2. Комиссия төрағасының орынбасары;
3. Комиссия мүшелері кіреді.

2022 жылы Бюджет комиссиясының 9 отырысы өткізілді.

### 6.9. ● **Ірі мәмілелер туралы ақпарат**

2022 жылы Корпорация ірі мәмілелер жасаған жоқ.

### 6.10. ● **Еншілес және тәуелді компаниялар**

GRI 2-2

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 05/22 шешімімен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-қа тиесілі 100% жай акцияларын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың орналастырылатын жай акцияларына төлем ретінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың Жалғыз акционері ретіндегі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тың өзінің «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың акцияларын басымдықпен сатып алу құқығын өткізуі жолымен иеліктен шығару туралы шешім қабылданды.


2022 жылғы 25 шілдеден бастап Корпорация «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың 100 пайыздық үлеске ие Жалғыз акционері болып табылады.

### **«ҚазАгроҚаржы» АҚ**

**Миссиясы:** сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасының АӨК-ін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

**Пайымы:** ҚазАгроҚаржы – Қазақстанның АӨК лизингі нарығындағы көшбасшы, саланың заманауи және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз етеді.

**Саладағы мақсаты:** ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингтік негізде сатып алу үшін АШТӨ-ні қолжетімді қаржы құралдарымен қамтамасыз ету жолымен АӨК-ті технологиялық жаңарту.





Компания АШТӨ-нің әртүрлі санаттарының мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін және техниканы тиімді шарттармен сатып алуға мүмкіндік беретін қаржыландыру бағдарламаларының кең теңдестірілген өнімдер желісін іске асырады.

Компания қызметінің бағыты ауыл шаруашылығы техникасы, арнайы техника, көлік құралдары, жабдықтар лизингі болып табылады.

Компания 23 жылдан аса уақыт бойы өз қызметін табысты жүзеге асырып, еліміздің аграрлық секторында техникалық жақсартуды дамытуға ықпал етіп келеді.

Саладағы жоғары құзыреттілік, нарықта көп жылдардан бері жұмыс істеу тәжірибесі, дамыған филиалдық желі, мықты кадрлар, сенімді кредиттік рейтингтер және

қаржы қаражатын тартуға қол жеткізу сияқты бәсекелестік артықшылықтар лизинг нарығында көшбасшылық позицияны сақтауға және отандық фермерлер үшін сенімді серіктес болып қалуға мүмкіндік береді.

## 2022 жылғы жұмыс нәтижелері

2022 жылдың қорытындысы бойынша қаражатты игеру - 172,8 млрд теңге құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 22%-ға артық; ҚАҚ лизингке - 6 806 бірлік техника берді.

2022 жылы отандық трактор мен комбайн лизингінің жеңілдікті бағдарламасын іске қосудың арқасында қазақстандық техника лизингінің үлесі едәуір ұлғайып, заттай мәні 62%-ға (4 250 бірлік) және ақшалай мәні 58%-ға (99,8 млрд теңге) жетті.

### 6.11.

## ● **Комплаенс-бақылау**

GRI 2-15, 2-25

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ АӨК-ті дамытудың сенімді және мөлдір институты ретіндегі өз беделін жоғары бағалайды және клиенттер алға қойылған міндеттерді Корпорацияның адал, әділ және риясыз орындауын және мемлекеттік саясаттың іске асырылуын күтетінін түсінеді. Осы мақсатта Корпорацияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылды, ол Корпорацияның Қазақстан Республикасының заңнамасын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, ішкі және сыртқы қағидаларды, процедураларды, бизнесті жүргізудің және корпоративтік басқару жүйесінің негізгі моральдық-этикалық қағидаларын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді.

**Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру шеңберінде Корпорацияның қызметін реттейтін бірқатар ішкі нормативтік құжаттар әзірленді:**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Бұзушылықтар туралы хабарлама саясаты;
- COMPLAENС-саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау қағидалары;
- комплаенс-тәуекелді басқару процедурасы.

Комплаенстің негізгі функциялары: терроризмді қаржыландыру заңсыз жолымен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты айқындау және оның алдын алу; мүдделер қақтығысын тиімді реттеу; Корпорация қызметкерлерінің кәсіби этика талаптарын сақтауын бақылау. Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер

қақтығысының алдын алу және оларды реттеу рәсімдерін анықтау, мүдделер қақтығысының себептерін уақтылы айқындауды және олардың алдын алу мен оларды шешуді қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Корпорацияның барлық органдарының іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында корпоративтік жанжалдар мен корпорацияның мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары бекітілді.

## 6.12. ● **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

GRI 2-15, 2-25, 3-3, 205-2

Корпорация әлеуметтік жауапты компания ретінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне мөлдірлік пен нәлдік төзімділік қалыптастыруға ұмтылады. Корпорация өз қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты жүйелі түрде жүргізеді, ол түрлі іс-шаралар кешенін қамтиды. Корпорация қызметкерлер өздерінің еңбек міндеттерін орындауымен байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, олардың лауазымына қарамастан сөзсіз жазалатыны туралы мәлімдейді.

**2022 жылы Корпорация сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша келесі іс-шараларды іске асырды:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.
2. Заңсыз және терроризмді қаржыландыру жолымен алынған кірістерді жылыстату тәуекелдеріне талдау жүргізілді.
3. Корпорацияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сапа менеджменті жүйесін ISO 37001:2016 халықаралық стандартына сәйкес келетін сертификаттық аудиттеуден өтті.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг тоқсандық негізде жүйелі түрде жүргізіледі.
5. Көрсетілетін қызметтерді алушылардан және басқа да тұлғалардан келіп түскен шағымдарға жауаптарды қарау сапасына үнемі талдау жүргізіледі.

## 6.13. ● **Теріс салдарды жою процестері**

GRI 2-15, 2-25

Корпорация қолданыстағы немесе жоспарланған бұзушылықтар туралы хабарламаларға жауап ретінде репрессиялық шаралар қолдануды қатаң түрде болдырмайды және

құпиялылық пен бейесімділікке кепілдік береді. Келіп түскен өтініштердің барлығы әрбір өтініш тақырыбына сәйкес келетін бекітілген критерийлер бойынша бағаланады.

Корпорация Басқармасының 2022 жылғы 15 шілдедегі шешімімен бекітілген Құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес, қабылданған құжаттарды Корпорацияның іс жүргізумен айналысатын құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері алдын ала қарайды. Өтініштер хат-хабар адресатына байланысты Корпорация басшылығы арасында бөлінеді және міндеттерді бөлу туралы бұйрыққа сәйкес, бақылауға қоюдың орындылығы мен орындалу мерзімдері анықталады. Жеке және заңды тұлғалардың, сонымен қатар мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлық және алаяқтық мәселелері жөніндегі өтініштері құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында Корпорациядағы комплаенс пен бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

Өтініш берушінің қолы, пошталық мекенжай жоқ немесе авторлықты анықтауға мүмкіндік бермейтін өтініш бейесімді болып саналады және қарауға жатпайды. Алайда, ерекше жағдайлар бар: егер

бейесімді өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы, мемлекет немесе қоғам қауіпсіздігіне төнетін қатер туралы ақпарат болса, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық жасалуы мүмкін екенін көрсететін құжаттар, соның ішінде фотосуреттер мен бейнелер ұсынылған жағдайда.

Корпорация қолайсыз әсерге немесе келіп түскен шағымға байланысты тиісті түзету шараларын қабылдайды. Байланыс арналарының тиімділігі корпоративтік мәдениетті, соның ішінде қызметкерлердің қатысуы мен өзара ықпалдасуын, дағдарыстық жағдайларға ден қою жеделдігін, өндіріс тиімділігін және Корпорацияның Стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізуді қоса диагностикалау арқылы бағаланады.

Есепті жыл ішінде Корпорацияда расталған сыбайлас жемқорлық жағдайлары болған жоқ және Корпорацияға және оның қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлықпен байланысты шаралар қабылданған жоқ.

## 6.14.

## ● Ішкі аудит

GRI 2-25

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Корпорацияда компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру, Директорлар кеңесіне Компания қызметін жетілдіруге және басқару тиімділігін, оның ішінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған тәуелсіз орынды кепілдіктер мен консультациялар беру мақсатында құрылды.

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Корпорация басқармасына Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу міндеттерін орындауда қажетті жәрдем қызметтерін көрсету болып табылады.

Ішкі аудитті жоспарлау және аудиторлық тапсырмалардың басымдығы тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде жүзеге асы-

рылады. Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес, 2022 жылы ІАҚ 13 аудиторлық іс-шара, оның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тапсырмасы бойынша жоспардан тыс 2 тапсырманы орындады. Жылдық аудиторлық жоспар 108,3%-ға орындалды. Аудитті қамту мақсаттары мен салаларына аудиторлық тапсырмаларға, аудиторлық бағдарламаларға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес қол жеткізілді. Барлық аудиторлық тапсырмалар Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына және Корпорацияның ішкі аудитін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес орындалды. ІАҚ жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар әзірленді, аудит объектілері айқындалған бұзушылықтарды жою бойынша түзету/алдын алу іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі. ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ішкі аудит, сыртқы аудит нәтижелері бойынша және сыртқы бақылаушы органдар берген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді. Ішкі аудиттің шоғырландырылған нәтижелері және ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат Корпорацияның Директорлар кеңесі қарайтын және бекітетін тоқсан сайынғы және жылдық есептіліктерде көрсетіледі. Есептілікті Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті алдын ала қарайды.

2022 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ның сыртқы бағалауы нәтижелері бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысы ішкі аудит анықтамасына және Ішкі аудиторлар институтының Әдеп кодексіне,

сондай-ақ 94% стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

**Бұл ретте Ішкі аудиторлар институты әзірлеген Quality Assessment Manual әдіснамасына сәйкес, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметі төрт сегментке бөлініп талданды:**

#### **Ішкі аудитті ұйымдастыру – 92%.**

Бұл сегмент шеңберінде ішкі аудит қызметі жұмысының Стандарттардың ішкі аудит функциясын реттеуге, тиісті құжаттар мен рәсімдердің сапасы мен толықтығын реттеуге қатысты талаптарына сәйкестігі бағаланды.

#### **Ішкі аудит персоналы – 88%.**

Бұл сегмент шеңберінде ішкі аудит қызметі жұмысының Стандарттардың ішкі аудиторлардың кәсіби шеберлігі мен өз жұмысына кәсіби тұрғыдан қарауы бойынша талаптарына сәйкестігі бағаланды.

#### **Ішкі аудит басқармасы – 96%.**

Бұл сегмент шеңберінде ішкі аудит қызметі жұмысының Стандарттардың ішкі аудитті басқару тиімділігі, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау процестерін жетілдіруге ішкі аудит қызметінің қосқан үлесі жөніндегі талаптарына сәйкестігі бағаланды.

#### **Ішкі аудит процестері – 97%.**

Бұл сегмент шеңберінде ішкі аудит қызметі жұмысының Стандарттардың аудиторлық тексерулерді жүргізудің жоспарлау сатысынан бастап берілген ұсынымдарды мониторингтеуге дейінгі үдерістерінің тиімділігі жөніндегі талаптарына сәйкестігі бағаланды.

Сыртқы бағалаудың оң бақылаулары. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, корпоративтік басқару процестерін бағалау мен олардың тиімділігін, сондай-ақ ақпараттық технологияларды басқару тиімділігін арттырудың жүйелі және дәйекті тәсілін пайдалана отырып, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-қа алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысында Стандарттардың талаптарына сәйкестіктің жоғары деңгейін көрсетіп отыр.

2023 жылғы 31 қаңтарда Корпорацияның Директорлар кеңесі «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ның Сыртқы бағалау нәтижелері бойынша есебін, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысын және Түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдары жоспарын бекітті.

ІАҚ қызметін дамыту және жетілдіру жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары ішінара орындалды.

«Ішкі аудит процестерін автоматтандыру» іс-шарасы толық іске асырылған жоқ. Simbase4 қолданбасына «ПҚД процесін автоматтандыру» интерфейсі енгізілді. Қолданба тестілеу режимінде тұр.

«Бюджетке сәйкес 2022 жылға бекітілген ГАП шеңберінде ІАҚ қызметкерлерінің жоспарланған оқыту курстарынан өтуі» іс-шарасы толық іске асырылмаған. 2022 жылы ІАҚ-тағы кадрлық өзгерістерге байланысты қызметкерлер «СІА, 2 бөлім» бағдарламасы бойынша оқытудан өткен жоқ.

**ІАҚ-ты сыртқы бағалау өткізілгендігіне және ІАҚ-та кадрлық өзгерістер жүргізілгеніне байланысты Корпорацияның Директорлар Кеңесі ІАҚ-тың және оның қызметкерлерінің 2022 жыл ішіндегі тиімділігін бағалаған жоқ.**

## 6.15. ● Сыртқы аудит

GRI 2-25


Қаржылық есептіліктің шынайылығын тексеру және растау үшін және Корпорацияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бағалау үшін, Корпорация тәуелсіз сыртқы аудиторды тартады, ол конкурстық іріктеу негізінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің шынайылығы және оның Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.

Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау Корпорацияның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

Корпорацияның 2022 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін «КПМГ Аудит» ЖШС жүргізді.

Корпорацияның қаржылық есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Корпорацияға жұмысқа қабылданған жоқ.

Сыртқы аудитордың деректемелері: «КПМГ АУДИТ» ЖШС, Қазақстан, Алматы қ., Медеев ауданы, Достық даңғылы, 180, «Көктем» БО, БСН: 930840000232 БСК: VTBAKZKZ ЖСК: KZ104322203398A00818, Банк ВТБ АҚ (Қазақстан) «Банк ВТБ» АҚ Кбе 17.



Толырағы құнарлы құт мекен!

7.

# Орнықты даму

ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ  
ҚҰТ МЕКЕН!

## 1 096

келісімшарт

2022 жылы электрондық сатып алу форматында жасалды



Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) анықтамасына сәйкес, агробизнес «фермадан шанышқыға дейін жүзеге асырылатын ұжымдық кәсіпкерлік қызмет» ретінде қарастырылады

## 9 072

жұмыс орны

2022 жылы бағдарламаларды қаржыландыру есебінен құрылды



**758**

адам

Корпорацияның 2022  
жылдың аяғындағы штат  
саны





# Орнықты даму

**Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) анықтамасына сәйкес, агробизнес «фермадан айырға дейін жүзеге асырылатын ұжымдық кәсіпкерлік қызмет» ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, ол фермерден тұтынушыға дейінгі барлық өндіріс тізбегін қамтып, мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) кең тармақты құрылымын жасайды.**

Сондықтан, пайданың мөлшері, өндірісті ертарраптандыру және өнімділіктің өсуі сияқты тікелей экономикалық индикаторларды талдай отырып, орнықты даму туралы есептің шеңберінде компания қызметінің жалпы алғанда өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жанама әсерін азық-түлік және экологиялық қауіпсіздік факторларын ескерумен бағалау, сондай-ақ жергілікті халық пен жер, су, биоресурстар және т. б. сияқты табиғи ресурстарға әсерін бағалау маңызды.

«Қазақстан - 2050» стратегиясын іске асыру шеңберінде еліміздің су ресурстарына жауапты жаңа инспекция әзірлеу міндеті қойылды. АӨК-те ылғал үнемдейтін технологияларға кешенді көшу жүзеге асырылуда. ҚР Үкіметінің 30.11.2021 ж. № 849 сайлау комиссиясы белгілеген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму стратегиясына сәйкес, БҰҰ ОДМ-мен көзделетін және Қазақстан

Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін жобаларға артықшылық беру қажет.

**Қауіпсіздік саласындағы басқаруды қамтитын жүйені БҰҰ-ның Жаһандық шартының талаптарын, БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттарын ескере отырып бекіту үшін, Қоғам АӨК жобаларын кредиттеген кезде БҰҰ ОДМ ескереді, олар мыналарға бағытталады:**

- **БҰҰ ОДМ 6-мақсаты**, су ресурстарының болуы мен олардың табиғи пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған;
- **БҰҰ ОДМ 7-мақсаты**, мұнда арзан, сенімді, тұрақты және барша үшін қолжетімді энергия көздеріне, соның ішінде күн, жел, судың арзан энергия көздерін пайдалануға қолжетімділікті қамтамасыз ету талап етіледі;
- **БҰҰ ОДМ 12-мақсаты** – жауапты өндіруге және тұтынуға, соның ішінде су мен топырақ сияқты табиғи ресурстарды табиғи пайдалануға және жердің тозуының алдын алуға, топырақтың құнарлылығын жақсартуға және су тапшылығының алдын алуға шақырады.

Аталған орнықты даму мақсаттары Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына («Қазақстан-2050» стратегиясы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стратегиясы) енгізілетіне

байланысты, Қоғам қоршаған ортаға зиянды әсерді, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді азайту мақсатында АӨК жобаларын қаржыландырады. Бұл жобаларға ресурстарды үнемдеу технологияларын дамыту және енгізу, суды тұрақты пайдалану, ауыл шаруашылығы жерлерінің тозуын барынша азайту шараларын енгізу, органикалық тыңайтқыштарды қолдану, жайылымдық жерлерді өңдеу кезінде агротехнологияларды пайдалану және ауыл халқының табысын арттыра отырып, жаңа жұмыс орындарын құру кіреді.

ҚР Экологиялық кодексінің 130-бабына сәйкес, «жасыл» жобалар санатына қоршаған ортаға жағымсыз әсердің деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін арттыруға, энергия үнемдеуге, климаттың өзгеруі салдарын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған жобалар жатады. Қоғам қаржыландырылатын жобалардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамаға, соның ішінде ҚР Экологиялық кодексіне сәйкестігі көзделетін орнықты даму саясатын ұстанады.

Қоғам қаржы даму институтының функцияларын жүзеге асыра отырып, өз қызметіне орнықты даму қағидаттарын кіріктіреді. Осы мақсаттар үшін «жасыл жобаларды» қаржыландыру тәсілдері көзделген Орнықты даму саласындағы саясат (инвестициялық, экологиялық және әлеуметтік саясаттар) бекітілді, олар ықтималды теріс экологиялық және әлеуметтік әсерлерді азайтуға, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқаруға клиенттерді ынталандыруға, сондай-ақ жобаларды

қаржыландыру және іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобалардың қоршаған ортаға әсері мен әлеуметтік әсері бойынша жұртшылықтың мүдделерін ескеруге бағытталған.



## 7.1.

## ● Стейкхолдерлер және аспектілер

GRI 2-29

Корпорация өзінің экономика мен экологияға әсер етуінің маңыздылығын түсінеді және стратегияны және/немесе даму жоспарын тиімді жүзеге асыруға ұмтылады. Ол мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақмерзімді болашақта орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілгендігі қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және рационалды қарым-қатынас жасау тәсілі Корпорацияның орнықты дамуына ықпал етеді.

### Корпорацияда орнықты дамуды үш компонент қамтамасыз етеді:

#### 1. Экономикалық:

қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету, процестердің тиімділігін арттыру, анағұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға салынатын инвестицияларды ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру;

#### 2. Экологиялық:

биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану, экологиялық, энергияны және материалдарды үнемдеу технологияларын қолдану, экологиялық қолайлы өнім жасау, қалдықтарды азайту, өңдеу және жою;

#### 3. Әлеуметтік:

әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын қамтамасыз ету, соның ішінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, қызметкерлерге әділ сыйақы және олардың құқықтарын құрметтеу, қызметкерлердің жеке дамуы, қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.



## 7.2. ● **Стейкхолдерлермен өзара ықпалдасу**

GRI 2-29

Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және мүдделерге ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Корпорация басқармасының 2021 жылғы 8 қарашадағы шешімімен (№53 хаттама) бекітілген Корпорацияның стейкхолдерлер картасы әзірленді.

### **Өзара ықпалдасу нысандары**

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасудың негізгі нысандары: бірлескен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, Компания қызметі туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және басқалар болып табылады.

### **Өзара ықпалдасу салалары**


Стейкхолдерлермен өзара ықпалдасудың негізгі бағыттары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара ықпалдасу.

**Әсер етудің маңыздылық дәрежесі екі x/y шкаласы бойынша бағаланады, мұнда:**

x = -5: + 5, 1 (немесе одан кішірек) қадаммен Корпорацияның стейкхолдерінің қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесін сипаттайды (-5 - қарсы іс-қимылдың экстремалды дәрежесі, +5 - қолдаудың ең жоғары дәрежесі);

y = 0: 5 1 (немесе одан кішірек) қадаммен стейкхолдердің Корпорацияға әсер ету дәрежесін сипаттайды.

- **Стратегиялық даму -**  
мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын қабылдау, корпорацияның Стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Корпорацияны дамытудың ұзақмерзімді басымдықтарын, стратегиялық бағыттарын айқындау
- **Операциялық қызмет -**  
Корпорацияда ұдайы жүргізілетін, стандартты процестерді басқару бойынша үнемі атқарылып отыратын күнделікті қызмет
- **Нормативтік реттеу -**  
Корпорация қызметінің белгілі бір тұстарын тікелей немесе жанама реттейтін нормативтік актілер қабылдау
- **Жобаларды және / немесе бизнес-процестерді басқару сапасы -**  
Корпорация персоналы мен Басқармасының жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару қызметтерін көрсету бойынша құзыреттілігі мен тиімділігінің дәрежесі
- **Операциялық нәтижелер -**  
Корпорацияның операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері
- **Бедел -**  
сапа, артықшылықтар мен кемшіліктер жөнінде қалыптасқан қоғамдық пікір



### Стейкхолдерлер картасы және Корпорацияның мүдделеріне әсер ету дәрежелері



(+3/3)	Халық
(+3/3)	Қоғамдық ұйымдар
(+3/3)	Бұқаралық ақпарат құралдары
(-3/4)	Бәсекелестер
(+5/5)	Мемлекеттік органдар
(+4/5)	Клиенттер, тұтынушылар
(+3/4)	Қнім берушілер
(+3/3)	Инвесторлар
(+3/3)	Серіктестер
(+4/3)	Аудиторлар
(+4/3)	Консалтингтік компаниялар
(+3/3)	Қаржылық институттар
(+5/3)	Еншілес ұйымдар
(+5/5)	Жалғыз акционер
(+5/5)	Директорлар кеңесі
(+5/4)	Басқарма
(+5/4)	Қызметкерлер

( $x/y$ ,  $x = -5++5$  - Мүдделі тараптың қолдау/қарсы іс-қимыл күші (бұл мән жақшадағы бірінші санмен көрсетілген)

$y = -5++5$  - Мүдделі тараптың әсер ету күші (бұл мән жақшадағы екінші санмен көрсетілген)



**Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу әдістері келесі нышандарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:**

Өзара ықпалдасу деңгейі	Өзара ықпалдасу әдістері
Консультациялар: екіжақты өзара іс-қимыл, мүдделі тараптар сұрақтарға жауап береді	Сауалнамалар, фокус-топтар, мүдделі тараптармен кездесулер, көпшілікпен кездесулер, семинарлар, коммуникация құралдары арқылы кері байланыс ұсыну, консультациялық кеңестер
Келіссөздер	Әлеуметтік әріптестік қағидаттарына негізделген ұжымдық келіссөздер
Қатысу: екіжақты немесе көпжақты өзара ықпалдасу; тәжірибе мен білімдіжан-жақты арттыру, мүдделі тараптар мен ұйымдар тәуелсіз әрекет етеді.	Көпжақты форумдар; консультациялық панельдер, консенсусқа қол жеткізу процесі, бірлесіп шешім қабылдау процесі, фокус-топтар, кері байланыс ұсыну схемалары
Ынтымақтастық: екіжақты немесе көпжақты өзара ықпалдасу; тәжірибе мен білімді бірлесіп арттыру, шешімдер мен шаралар қабылдау	Бірлескен жобалар, бірлескен кәсіпорындар, әріптестік, мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары
Өкілеттік беру: мүдделі тараптар) басқаруға қатысады (егер қолдануға болса.	Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке интеграциялау

**Стейкхолдерлермен өзара тиімді ықпалдасу келесі мүмкіндіктерді береді:**

- проблемаларды шешу үшін және мақсаттарға жету үшін ресурстарды (білім, кадрлар, ақша және технологиялар) біріктіру;
- сыртқы ортаны, соның ішінде нарықтардың дамуын бағалау, сондай-ақ жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді анықтау;
- бизнес-процестерді жетілдіру;
- қызметтің амөлдірлігі мен ашықтығы саясатын жүргізу.

*(Әрбір стейкхолдермен өзара ықпалдасу стратегиясын, сондай-ақ ықпал ету құралдарын Корпорацияның құрылымдық бөлімшелері қызметтің ерекшелігіне қарай дербес анықтайды.)*

**Корпорация үшін орнықты даму бойынша негізгі аспектілер мен тәуекелдер**

*(Акционердің, клиенттердің, БАҚ өкілдерінің және қызметкерлердің пікірін сұрау негізінде.)*



Корпорация өз миссиясы шеңберінде жеке қаржы институттарын қатыстыру және АӨК субъектілерінің құзыреттерін арттыру арқылы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытуда жәрдем көрсетеді.

Осыған сүйене отырып, Корпорация өз қызметінің әртүрлі - экономикалық, эко-

логиялық және әлеуметтік аспектілерінің маңыздылығын бағалау үшін өзінің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарын анықтады.

Орнықты даму бойынша басқару жүйесін құру мақсатында Корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 12 шешімімен Корпорацияның орнықты даму бойынша саясаты бекітілді.

## 7.3.

### Экономикалық аспект


GRI 414-1

Корпорация Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын, АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасын іске асыруда басты рөлдердің бірін атқарады, осыған байланысты экономикалық ықпал көрсеткіштері елеулі деп бағаланады.

#### Корпорацияның сатып алулары

Корпорацияда сатып алудың электрондық форматы жұмыс істейді. 2022 жылы 1096 шарт жасалды. Корпорацияның тауарлары мен қызметтерін сатып алудағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 2022 жылы 69,35% құрады (тауарлар - 19,66%, қызметтер - 80,34%).

#### 2022 жылы тауарлар мен қызметтерді сатып алу көлемі, %



19,66

Тауарлар

80,34

Қызметтер

Сатып алу рәсімдерінің мөлдірлігін арттыру және өнім берушілермен тікелей байланысты болдырмау мақсатында Корпорация мынадай қағидаттарды ұстанады:

1. Сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау.

2. өнім берушілердің тендер қорытындысы шығарылғанға дейін коммерциялық құпияны сақтау құқықтары мен заңды мүдделерін сақтаумен, сатып алу процесінің мәлдірлігі мен ашықтығы.
3. Әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу.
4. Сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі.
5. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.
6. Отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің отандық жеткізушілеріне Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету.
7. Инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу.
8. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру.
9. Сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау.

Корпорацияда сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және оларға жол бермеу, сондай-ақ қызмет тұтынушыларымен кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында мынадай механизмдер бар: тікелей жедел желі, корпоративтік сайтта басшының блогы және әлеуетті қарыз алушылардың құқықтары бұзылған жағдайда тікелей жүгіну мүмкіндігі. Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бойынша оқыту семинарлары жүйелі түрде өткізіліп тұрады.

#### 7.4. ● Корпоративтік саясат

**GRI 2-12, 2-13, 2-14, 2-16, 2-17, 2-18**

Орнықты даму саласындағы саясатты іске асыру шеңберінде Басқарманың 2021.11.08 шешімімен (№53 хаттама) Корпорацияны орнықты дамыту жөніндегі іс-шаралардың 2021-2022 жылдарға арналған жоспары бекітілді, онда ESG факторларын көзделген (халықаралық қауымдастық мойындаған стандарттарға негізделген экологиялық тиімділік пен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағытталу және адал корпоративтік басқару қағидаттарының кешені). ESG факторлары ұзақмерзімді болашақта орнықты даму үшін Корпорацияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсатта-

рының келісілуін қамтамасыз етеді. Бұл факторлар Корпорацияның Директорлар кеңесінің 2022.02.25 шешімімен (№4 хаттама) бекітілген Корпорацияның 2020-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясына орнықты даму саласындағы жоспарланған бастамалар ретінде енгізілген.

**Әсер етуді басқарудың қадағалануын жүзеге асырудағы жоғары басқарушы органның рөлі**

**GRI 2-12, 2-14**

Корпорацияның Директорлар кеңесі 19.07.2021 жылғы № 12 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың Орнықты



даму саласындағы саясатын бекітті. Корпорация жыл сайын Директорлар кеңесіне саясатты іске асыру туралы есеп береді.

### Әсер етуді басқару жауапкершілігін табыстау

GRI 2-13

Аграрлық несие корпорациясында Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын іске асыруды мониторингтеу функциялары Стратегиялық және корпо-

ративтік даму департаментіне бекітілген. АНК басшылығына есептер тоқсан сайын беріледі.

### Алаңдаушылық тудыратын маңызды мәселелер туралы жоғары басшылыққа ақпарат беру

GRI 2-16

Алаңдаушылық тудыратын аса маңызды мәселелер жоғары басшылыққа жазбаша жолмен шұғыл түрде жеткізіледі

## 7.5.

## ● Экологиялық аспект

GRI 2-22, 303-5, 305-1, 306-1, 306-3, 307-1

**Корпорацияның Пайымына сәйкес, ол АӨК дамытудың негізгі институтына айналуы және орнықты және қолжетімді қаржыландыру жүйесін дамыту жолымен АӨК-ті индустрияландыруға, қарқындауға және әртараптандыруға ықпал ететін тиімді қызмет моделіне ие болуы тиіс.**

Ауыл шаруашылығын дамытудың аса маңызды стратегиялық жобаларының қаржылық операторы бола отырып, Корпорация мемлекеттік және тартылған ресурстардың, соның ішінде жерді мелиорациялау, фитосанитария, егіс алқаптарының құрылымын өзгерту, шаруашылықтардағы ауыл шаруашылығы жануарларының шоғырлануының өсуі және т. б сияқты АӨК-ті кеңейту және әртараптандыру процесінде іске қосылатын табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Сондықтан экономикалық көрсеткіштерден басқа, жасыл технологияларды ілгерілетуге, цифрландыруға және АӨК-

тің ресурс үнемдейтін бағдарламаларға көшуіне назар аудару қажет.

Корпорацияның ішкі қызметі экологиялық аспектпен байланысты емес екенін назарға ала отырып, оның ықпалы тап солай қаржылық делдал тұрғысынан қаралуы тиіс.

### Корпорацияның экологиялық аспектіге қосқан үлесі

2021 жылы орнықты даму қағидаттарын ұстана отырып, Корпорация БҰҰ-ның Жаһандық келісімшартының талаптарына және БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттарына сәйкес өзірленген Орнықты даму саясатын бекітті. Саясатқа сәйкес, Корпорация қаржыландыратын жобалар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамалардың, соның ішінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес болулары тиіс.

АӘК субъектілерінің инвестициялық жобаларын қаржыландыру шеңберінде Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті мемлекеттік экологиялық сараптаманы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен міндетті келісуді ескере отырып, жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізеді.


Корпорация орнықты дамудың экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларын (ESG факторлары) ұстануға және АӘК субъектілерін қаржыландыру бойынша шешімдер қабылдау бизнес-процестеріне, сондай-ақ ағымдағы қызмет шеңберінде интеграциялауға ниетті.

**Орнықты даму бойынша бастамалар шеңберінде Корпорация мыналарды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:**

- Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу.
- Жауапты қаржыландыруды дамыту.
- Жауапты сатып алуға жәрдемдесу.
- Бірыңғай кадр саясатын қалыптастыру.
- Қызметтегі мөлдірлікті арттыру.

Жақын арадағы болашақта Корпорация кредиттік процесті реттейтін ІНҚ мен қаржыландырылатын жобаларға орнықты даму қағидаттарына сәйкестік бойынша қойылатын талаптарды өзгертуге кірісуді жоспарлап отыр.

АӘК-тің орнықты дамуына жәрдемдесу болып белгіленген миссиясы шеңберінде қаржылық даму институтының функцияларын жүзеге асыра отырып, Корпорация орнықты даму қағидаттарын өз қызметіне интеграциялау жұмысын, соның ішінде жасыл жобаларды қаржыландыру тәсілдері көзделген ВНД-ны бекітуді бастады.



## 7.6. ● Элеуметтік аспект

GRI 401-1, 402-1, 404-1, 404-2, 405-1

**Өңірлерде нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу**

2022 жылы бағдарламаларды қаржыландыру есебінен 51 193 адам жұмыспен қамтылды, 9 072-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Облыс	Жиыны	
	Жұмыспен қамтылды	Құрылған жаңа жұмыс орындары
Абай	1 256	176
Ақмола	9 866	659
Ақтөбе	1 174	449
Алматы	1 044	1 137
Атырау	270	145
ШҚО	1 458	1 318
Жамбыл	1 169	320
Жетісу	617	293
БҚО	803	244
Қарағанды	2 583	309
Қостанай	12 613	431
Қызылорда	1 043	448
Маңғыстау	513	179
Павлодар	2 661	520
СҚО	10 718	623
Түркістан	3 373	1 817
Ұлытау	32	4
<b>Барлығы</b>	<b>51 193</b>	<b>9 072</b>

**Корпорация ішінде тең жұмыс жағдайлары мен тең мансаптық мүмкіндіктер жасау**

Корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы шешімімен бекітілген (№11 хаттама) Корпорацияның Іскерлік этика кодексінде айқындалған Корпорацияның негізгі құндылықтарының бірі команда,

адами ресурстар болып табылады. Корпорация қызметінің нәтижелері Корпорация командасының кәсіби шеберлігімен және қауіпсіздік деңгейімен тікелей байланысты.

Корпорация қызметкерлерінің штаттық саны 2022 жылдың аяғында 758 адам құрады, оның ішінде ер адамдар - 58%, әйелдер - 42%.

2022 жылғы мәліметтер бойынша, корпорация қызметкерлерінің орташа жасы-37 жас.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 10.08.2022 ж. №32/22 шешімімен Холдингінің бірыңғай кадрлық резерві қалыптастырылды, оның құрамына Корпорацияның 3 қызметкері Топ 50 және 2 қызметкері Топ 100 құрамына енгізілді.

Корпорацияның Тәуекел менеджменті департаментінің директорына Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы Австралияда «Цифрлық экономика. Сандық Маркетинг» мамандығы бойынша магистратура бағдарламасының оқуынан өту үшін оқу демалысы берілді.


2022 жыл ішінде Қоғамның 231 қызметкері, оның ішінде ОА-ның 180 қызметкері және филиалдардың 51 қызметкері біліктілікті арттырудан өтті.



### Персоналдың гендерлік топтар бойынша құрылы, %



42% Әйелдер  
58% Ер адамдар

### 2022 жылдың аяғындағы персонал құрылымы, %




 Әйелдер  
 Ер адамдар

Топырағы құнарлы құт мекен!



## Гендерлік статистик, %




Корпорацияда толық емес жұмыс күнімен, уақытша жұмыс істейтін немесе сағаттық жалақы төленетін қызметкерлер жоқ.

## Қызметкерлердің тұрақтамауы

2022 жылы қызметкерлердің ерікті тұрақтамауы 17,47% құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 24,7%-ға жоғары және 2020 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға аз.

2022 жылғы кадрлардың тұрақтамауы туралы гендерлік және жас топтары бойынша ақпарат:

## Персоналдың тұрақтамауының соңғы 3 жылдағы деңгейі, %



	Гендерлік топтар бойынша		Жас топтары бойынша				
	ер.	әйел.	< 30 жасқа	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	> 60 жастан
Тұрақтамау коэффициенті, %	16,2	11	3,54	13	5,8	1,2	0,2

Кадрлардың тұрақтамауы көрсеткішін төмендету мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- білікті қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- ұжымдық келісімшартқа сәйкес әле-

уметтік кепілдіктер талапшарттарын жақсарту;

- тұрақты экономикалық ахуал;
- салауатты психологиялық атмосфера;
- мансаптық өсу мүмкіндігі.

## 7.7. Демеушілік және қайырымдылық

GRI 413-1

Қайырымдылық және демеушілік көмек тиісті қаржы жылына арналған Жылдық бюджетте қарастырылған қаражат есебінен және соның шегінде көрсетіледі.

**Қайырымдылық және демеушілік бойынша мақсаттар:**

- Корпорацияның әлеуметтік жауапты ұйым ретіндегі беделін нығайту.
- Балалар, мүгедектер және қарттар сияқты халықтың анағұрлым мұқтаж санаттарына атаулы (тікелей) қолдау көрсету.
- өзінің әлеуетті клиенттері мен серіктестері тарапынан танымалдылық пен

Корпорацияға ниеттестік имиджін қалыптастыру.

Корпорация әлеуметтік жауапты ұйым саясатын ұстана отырып, мәдениет, спорт, білім беру, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өртүрлі жобаларға қолдау көрсете алады. Бұл жобалар әлеуметтік ортаны жақсартуға және Корпорацияның азаматтық дамуына ықпал етеді, сонымен қатар оның қайырымдылық пен демеушілік мақсаттарына жетуіне мүмкіндік береді.

2022 жылы демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілген жоқ.

## 7.8. Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік


GRI 403-1, 403-2, 403-4, 403-5, 403-7

Корпорация басымдықтарының ішінде оның жұмысшыларының еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығы маңызды болып табылады.

Корпорацияның қызметі қаржы саласына жатады, сондықтан өндірістік жарақат алу жағдайлары іс жүзінде жоқ дерлік. Есепті кезеңде бірде-бір жазатайым оқиға,

кәсіптік ауру немесе өлім жағдайлары тіркелген жоқ.

Корпорация Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын сақтайды. Қауіпсіздік департаментінің құрамында өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша



бақылауды жүзеге асыру үшін жауапты 1 штаттық менеджер жұмыс істейді. Оның функционалдық міндеттеріне «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-та өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бақылауды жүзеге асырудың тәртібі туралы» 2022 жылғы 06.04.№ 172-Ө бұйрыққа сәйкес талаптардың Корпорация қызметкерлері тарапынан сақталуын бақылау кіреді.

Корпорацияның 2021-2022 жылдарға арналған Орнықты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарына және Қауіпсіздік департаментінің 2022 жылғы II тоқсанға арналған Қосымша іс-шаралар жоспарына сәйкес, уәкілетті органның өкілі және «Анобтаниум» оқу орталығының сарапшысы Б. Ж. Өтегенованың қатысуымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және

өрт-техникалық минимумы» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар соңында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қызметкерлері арасында тестілеу өткізілді.

Корпорацияның ОА және филиалдарының орынжайларында жалға берушілердің техникалық және өрт талаптарын сақтамау фактілері анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтар актіленеді және бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін Жалға берушіге жіберіледі.

Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша талаптардың сақталуын бақылау шеңберінде атқарылған жұмыс туралы және оның нәтижелері туралы есеп Корпорация Басқармасының Төрағасына ұсынылады.

## 7.9. ● ТБ және ОТ бойынша бекітілген 2022 жылғы нұсқаулар

GRI 403-1, 403-2, 403-4, 403-5, 403-7

Корпорациядағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқармасының 2021.12.29 № 63 шешімімен бекітілген «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қызметкерлеріне арналған Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықпен регламенттеледі.

Бұдан басқа, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық

регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021.08.17 № 405 бұйрығына, «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022.02.21 № 55 бұйрығына және Нұсқаулыққа сәйкес, Корпорация Басқармасының Төрағасы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-та өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы» 06.04.2022 № 172-Ө бұйрықты бекітті.

## 7.10. ● Заңдарды және нормативтік актілерді сақтау

2022 жылы Корпорация Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 456-1-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылды. Өтініш беруші Т. Бабатчановтың өтініші бойынша Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысы негізінде Корпорацияға 214 410 (екі жүз он төрт мың төрт жүз он) теңге мөлшерінде

әкімшілік айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылды.

Сондай-ақ, Корпорация «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 213-бабының 10-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылды. Корпорацияға 153 150 (бір жүз елу үш мың бір жүз елу) теңге сомасында әкімшілік айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылды.

## 7.11. ● Іскерлік этика кодексі

GRI 102-16

Корпорацияның Корпоративтік әдеп кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың әлемде мойындалған стандарттары ескеріле отырып, Жарғы, Холдингтің үлгілік құжаттары, оның ішінде Корпоративтік басқару кодексі және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың өзге де ішкі құжаттары негізінде әзірленді. Кодексте Корпорацияның іскерлік этика қағидаттары мен корпоративтік құндылықтар туралы көзқарасы мен түсінігі көрініс тапты.

**Корпорацияның негізгі құндылықтары:**

- 1. Жауапкершілік:** ниеттер мен әрекеттер үшін;
- 2. Кәсіби шеберлік:** кәсіби қызмет міндеттерін орындау үшін жоғары дайындығы болуы;

- 3. Команда:** бірлесіп қызмет етіп жоғары нәтижелерге жету үшін ынтымақтасу;
- 4. Шыншылдық:** Корпорация ішіндегі және серіктестерге қатысты шыншылдық;
- 5. Әлеуметтік жауапкершілік:** Корпорация қызметінің қоғамдық саланың мүдделі тараптарына ықпалы үшін жауапкершілік.

**Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Корпорация:**

- 1.** Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Жалғыз акционердің шешімдерін, сондай-ақ Корпорация қызметіне қатысты басқа да құжаттардың нормаларын сақтайды.
- 2.** Өрбір адамның және азаматтың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін олардың шығу тегіне, әлеуметтік,



лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген басқа да мән-жайларға қарамастан, сақтауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді.

3. Мүдделі тұлғалармен барлық қарым-қатынастардың өзара тиімді болуын қамтамасыз етуге ұмтылады.
4. өз күшімен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылатын қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін оқыту және кәсіби даму бағдарламаларына сәйкес тең жағдайлар жасайды.
5. Орындалатын жұмыстың біліктілік деңгейіне, күрделілігі мен сапасына, сондай-ақ қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау нәтижелеріне қарай Корпорация қызметкерлеріне олардың еңбегі үшін сыйақы төлеуді қамтамасыз етеді.
6. Қызметкерлер еңбегінің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды заңнамаға сәйкес қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды.
7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Корпорацияның ішкі

құжаттарында белгіленген шектерде ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді.

8. Корпорацияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы ашық және сенімді диалогқа жағдай жасайды.
9. Барлығы үшін тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, жеке лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктердің берілуіне, егер бұл заңды түрде негізделмесе, жол бермейді.
10. Лауазымды тұлғадан бастап шешім қабылдайтын кез келген қызметкерге дейін барлық деңгейде мүдделер қақтығысы жоқ шешімдер қабылдау үшін жауапкершілікте болады.

2022 жылғы 29 маусымда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың 2021 жылғы 30 маусымдағы № 11 Іскерлік этика Кодексі «Корпорация қызметкерлері осы Кодекстің негізгі қағидаттарын білу және түсіну бойынша тестілеуден Корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жыл сайынғы негізде өтеді» 70-тармағымен толықтырылды.

Толырағы құнарлы құт мекен!



8.

# 2023 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер

GRI 2-1

**ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ  
ҚҰТ МЕКЕН!**

Қолайлы жұмыс ортасын құру және қызметкерлерді уәждеудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін адами капиталды нығайту және қызметкерлердің белсенділігін арттыру маңызды аспект болып табылады



**140**  
млрд теңге

көктемгі егіс және егін жи-  
нау жұмыстарын жүргізуге  
жоспарланды



# 2023 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер

## «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың 2023 жылға арналған негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналарды қамтиды:

### МАҚСАТ 01

Жобаларды қарау кезеңділігін, салалық талдауды және бағыттардың басымдылығын ескере отырып, инвестициялық жобаларды қарау процесін кешенді реинжинирингтеу.

### МАҚСАТ 02

Инвестициялық жобаларды, сондай-ақ басқа да бизнес-процестерді қоса, кредиттік процесті одан әрі оңтайландыру.

### МАҚСАТ 03

Барлық кредиттік өнімдер үшін толыққанды CRM жүйесін енгізу.

### МАҚСАТ 04

2023 жылғы КЕЖЕЖЖ-ны уақтылы қаржыландыру.

### МАҚСАТ 05

АНК мобильді қосымшасын іске қосу.

### МАҚСАТ 06

АӨК-те кепілдерді блокчейн технологиясын пайдалана отырып, онлайн-тіркеу (тиісті министрліктердің шешімдері қажет, ұсыныстар жіберілді).

### МАҚСАТ 07

Кепілмен қамтамасыз ету процестерін автоматтандыру, соның ішінде ҰОК кабинетін өзірлеу.

### МАҚСАТ 08

Адами капиталды нығайту және кадрлық іс жүргізуді автоматтандыру.

### МАҚСАТ 09

Кредиттік серіктестіктердің қызметін автоматтандыру.

### МАҚСАТ 10

Қызметкерлердің қатыстырылуын арттыру.

### МАҚСАТ 11

Қызметкерлерді грейдирлеу жобасын аяқтау.

### МАҚСАТ 12

Оқыту есебінен кадрлық әлеуетті арттыру.

### МАҚСАТ 13

Цифрлық кредиттік құжаттама құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

Бұл мақсаттар мен міндеттер процестерді жетілдіруге және Корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Оларды іске асыру инвестициялық жобаларды қарауды жақсартуға, уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етуге, CRM жүйесінің көмегімен клиенттерге қызмет көрсету деңгейін арттыруға, кредиттік және басқа да бизнес-процестерді оңтайландыруға, сондай-ақ АНК мобильді қосымшасы және блокчейн технологиялары сияқты инновациялық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кредиттік серіктестіктердің қызметін, кепілмен қамтамасыз етуді және кепілдерді АӨК-те тіркеуді қоса алғанда, қызметтің әртүрлі салаларын автоматтандыру жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, Корпорацияның алдында цифрлық кредиттік құжаттама құру және оқыту арқылы кадрлық әлеуетті арттыру міндеттері тұр.

Маңызды аспект – қолайлы жұмыс ортасын құру үшін және қызметкерлердің жоғары мотивациясын қамтамасыз ету үшін адами капиталды нығайту және қызметкерлердің белсенділігін арттыру.

**Бұл міндеттерді іске асыру Корпорацияны дамытуды жалғастыруға, сервистің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және өз қызметінің міндеттеріне тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді.**



Топырағын жарығы құт мекені

9.

# Қаржылық есептілік

**2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер**

**ТОПЫРАҒЫ ҚҰНАРЛЫ  
ҚҰТ МЕКЕН!**

Қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеріп, растау үшін және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Корпорация тәуелсіз сыртқы аудиторды тартады

**11,5**  
млрд теңге

Компанияның 2022 жылғы таза пайдасын құрады



**87 563**  
клиентов

2022 жылдың аяғында Компания портфелінде болды



**179,7**  
млрд теңге

Корпорация 2022 жылы  
бюджеттік көздерден  
тартты





9.

# 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептіліктен үзінді көшірме



9.1. Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	153
9.2. Қаржылық жағдай туралы есеп	160
9.3. Пайда немесе залал туралы есеп	161
9.4. Жиынтық кіріс туралы есеп	162
9.5. Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	163
9.6. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	164

## 9.1. ● Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,  
пр. Достык, 180

### Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ акционеріне және  
Директорлар кеңесіне**

#### Ескертпемен пікір

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал, жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептерден, сондай-ақ есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Аграрлық несие корпорация» АҚ (өрі қарай – «Компания») шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, біздің есебіміздің «Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған жағдайдың әсерін қоспағанда, қоса беріліп отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылмаған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

#### Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме

2022 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің 9-ескертпесінде сипатталғандай жалпы баланстық құны 304,221,793 мың теңге болатын 3 кредиттік тәуекел сатысына жатқызылған заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша Компания күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерві тиісінше 62,564,653 мың теңге мөлшерінде таныды. 9-шы ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары» ұйымдардан күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде жорамалдар мен болжамдар негізделген дәлелді және расталатын ақпаратты пайдалануды талап етеді. Біз заңды тұлғаларға берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер бойынша келілдікті қамтамасыз етуді іске асырудан күтілетін ақша ағындарын бағалау кезінде пайдаланылған белгілі бір жорамалдармен келіспейміз және күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша айтарлықтай төмендетілген деп санаймыз. 2022 жыл ішінде Компания заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша келілді

© 2023 «КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі кеңсіндегі филиалы. Компанияның қызметіне қатысушылардың негізгі кеңсіндегі филиалы. Компанияның қызметіне қатысушылардың негізгі кеңсіндегі филиалы. Компанияның қызметіне қатысушылардың негізгі кеңсіндегі филиалы.

© 2023 TOO «КПМГ Аудит», компания, заңгерлік қызметін орындайтын Республикасы Қазақстан, ұлттық толықтай иелігіне өткізілген компания. Компанияның қызметіне қатысушылардың негізгі кеңсіндегі филиалы. Компанияның қызметіне қатысушылардың негізгі кеңсіндегі филиалы.





**«Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
2-бет

қамтамасыз етудің әділ құнын қайта бағалауды жүргізді және клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануынан болған шығындардың бір бөлігін 2022 жылы Компанияның капиталында тікелей көрсете отырып, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін тиісті резервті қайта есептеді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте және 2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде пайда немесе залал, жиынтық кіріс және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептерді құрайтын өзге де байланысты элементтерде күтілетін кредиттік залалдарға ХҚЕС талаптарынан осы ауытқудың резервтерге өсерін сандық бағалау анықталған жоқ.

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӨСК кодексі») және біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӨСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің ескертпемен пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

#### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз. Біз «Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған жағдайға қосымша төменде көрсетілген мәселелерді аудиттің негізгі мәселелері ретінде айқындадық, олар туралы ақпаратты біздің есепте хабарлау қажет.

#### Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ)

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіндегі 3, 4, 9, 22 және 26 Ескертулерді қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
Клиенттерге берілген кредиттер жалпы активтердің елеулі үлесін құрайды және тұрақты түрде есептелетін және пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған резервті шегергенде ұсынылды.	Біз ККЗ бағалауға қатысты Компанияның әдістемесі мен саясатының негізгі аспектілеріне 9 ҚХЕС (IFRS) талаптарына сәйкестігі мәнине, оның ішінде талдауға қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы біздің мамандарды тарта отырып талдау жүргіздік. Біз Компания қолданатын тиісті модельдердің жұмыс принциптерін тексердік.
Компания басшылықтан кәсіби пайымдауды қолдануды және мынадай негізгі салаларға жататын жорамалдарды пайдалануды талап ететін ККЗ бағалау моделін пайдаланады: — кредиттік тәуекел мен дефолт оқиғаларының елеулі ұлғаюын уақтылы анықтау (9-шы ҚХЕС (IFRS) «Қаржы құралдарына»	ККЗ резервін бағалауға қатысты басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды талдау үшін біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды: — Біз клиенттерге берілген кредиттерді кредиттік тәуекел кезеңдері бойынша жіктеуге қатысты бақылаулардың



**«Ағарлық несие корпорациясы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
3-бет

<p>сәйкес 1, 2 және 3-сатыны анықтау);</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— дефолт (PD) ықтималдығын және дефолт (LGD) жағдайында шығын шамасын бағалау;</li> <li>— түрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетуді бағалау;</li> <li>— кредиттік-құнсызданған болып табылатын жеке тұлғаларға берілген кредиттер үшін күтілетін ақша ағындарының болжамы.</li> </ul> <p>Клиенттерге берілген кредиттер көлемінің елеулі болуы және олар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың белгісіздігі сағдарынан сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қаралады.</p>	<p>дизайны мен операциялық тиімділігіне тестілеу жүргіздік.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— ККЗ бағалаудың елеуетті өзгерістері шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін клиенттерге берілген кредиттерді іріктеуге қатысты Компанияның қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ Компания пайдаланған жорамалдар мен кәсіби пайымдарды талдау арқылы сатылар бойынша бөлуді дұрыс жүзеге асырғанына тестілеу жүргіздік.</li> <li>— Клиенттерге берілген кредиттердің іріктемесі бойынша Біз бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы PD және LGD есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің дұрыстығын, сондай-ақ кепіл мүлкінің құнын бағалауды және ККЗ-ны есептеу үшін пайдаланылатын оны іске асырудың күтілетін мерзімдерін сараптау арқылы тексердік.</li> <li>— Сондай-ақ Біз ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайды және қарыз алушылардың тиісті санаттарының қызмет жағдайларын ескеретін өзіндік бағалаумен салыстыру арқылы әртүрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетудің жалпы баламалығын талдадық.</li> <li>— Біз сондай-ақ шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашу Компанияның кредиттік төуекелге ұшырағыштығын тиісті түрде көрсете ме, жоқ па соған бағалау жүргіздік.</li> </ul>
<b>Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздар</b>	
Шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіндегі 3 («Мемлекеттік субсидиялар»), 13, 15, 17 және 20 Ескертулерді қараңыз.	
<b>Аудиттің негізгі мәселесі</b>	<b>Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер</b>
<p>Компания 2022 жылы Қаржы министрлігінен және жергілікті атқарушы органдардан 170.928,726 мың теңге сома қарыздар алу арқылы Үкіметтен қаржы алды, олар бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,01% -ды, жылдық 1,00% номиналды сыйақы мөлшерлемесі бойынша 500,000 мың теңгені құрады, сондай-ақ Үкіметтің агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру жөніндегі қолданыстағы бағдарламасы шеңберінде Бас компаниядан жылдық 0,28% номиналды сыйақы</p>	<p>Біздің аудиторлық процедураларымыз өділ құн мен алынған несиелердің номиналды құны арасындағы айырмашылық мемлекеттік субсидия болып табылатынын немесе бұл айырмашылық меншікті капиталда танылуы керек екенін бағалау кезінде басшылықтың пікірін талдауды қамтыды.</p> <p>Біз алынған қарыздардың өділ құнын есептеу үшін нарықтық мөлшерлемелерді айқындау кезінде басшылық пайдаланған жорамалдарды қолжетімді нарықтық ақпаратпен салыстырдық.</p> <p>Біз мемлекеттік субсидияларды</p>



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
4-бет

